ALMATY AQSHAMY

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №102 (6780) 3 қараша, сейсенбі, 2026 жыл | www.aqshamnews.kz

12+

29 қараша
МӘСЛИХАТТАР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ САЙЛАУЫ

АЗАМАТТАРДЫ САЙЛАУШЫЛАР ТІЗІМДЕРІНЕ ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ

2026 жылғы 29 қарашада Қазақстан Республикасының мәслихаттары депутаттарының кезектен тыс сайлауы өтеді.

Сайлаушылардың тізімдерін тұрғылықты жері бойынша тиісті жергілікті атқарушы орган жасайды.

Сайлаушылар тізімдеріне дауыс беру күніне он сегіз жасқа толған, белсенді сайлау құқығына ие және тұрғылықты жері бойынша сайлау округінің тиісті сайлау учаскелері аумағында тіркелген Қазақстан Республикасының азаматтары енгізіледі.

Уақытша тіркелген азаматтар сайлаушылар тізімдеріне жергілікті атқарушы органға берген олардың өтініші негізінде дауыс беру күніне дейін **отыз күннен кешіктірмей,** яғни **2026 жылғы 29 қазанға** дейін енгізіледі.

Әкімдік азаматты ол дауыс беретін сайлау учаскесінің сайлаушылар тізіміне енгізуді және оны тіркелген жері бойынша сайлаушылар тізімінен шығаруды ұйымдастырады.

Азамат тек бір ғана сайлаушылар тізіміне енгізіле алады.

2026 жылғы 13 қарашадан бастап сайлаушыларға нақты сайлау учаскесіндегі сайлаушылар тізіміндегі немесе тиісті әкімдіктің колл-орталығы арқылы өзі туралы деректерді тексеру мүмкіндігі беріледі.

Алматы қаласы аумақтық сайлау комиссиясы.

БІЗДІ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕН ОҚЫҢЫЗ:

@AQSHAMY_KZ

@AQSHAM_NEWS



Коллажды жасаған Нұрбосын ӨРІСҰЛЫ.

АЛМАТЫ КӨШ БАСЫНДА

Биылғы тоғыз айда шаһардағы өнеркәсіп өндірісі 22,2%-ға өсті

Алматыда 2026 жылдың қаңтар-қыркүйек айларында 1,97 трлн. теңгенің өнеркәсіп өнімі өндірілді. Бұл өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда, 22,2%-ға артық.

Өсімге негізінен, машина жасау, тамақ және фармацевтика салаларының дамуы ықпал еткен. Бұл туралы қалалық Кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасының өкілдері мәлімдеді.

Өңдеу өнеркәсібіндегі өндіріс көлемі 1,67 трлн. теңгеге жетіп, жалпы өнеркәсіп өндірісінің көлемі 84,8% болды. Осы саланың өсу қарқыны бойынша Алматы Қазақстан өңірлері арасында көш бастап тұр.

Ең жоғары өсім машина жасау саласында байқалды. Мұнда өндіріс көлемі 66,3%-ға артқан. Өндірілген өнімнің едәуір бөлігі автокөлік өнімдеріне тиесілі.

Тамақ өнеркәсібіндегі өндіріс көлемі 9,4%-ға өсіп, 261 млрд. теңгеге жетті. Ал фармацевтика саласында 20,4% өсім тіркеліп, өнім көлемі 21,8 млрд. теңгеге жеткен.

Өнеркәсіптің дамуына Алматының Индустриялық аймағында жаңа өндіріс орындарының ашылуы да серпін беріп отыр. Жыл басынан бері мұнда жалпы құны 5,8 млрд. теңге болатын бес жоба іске қосылып, 345 жаңа жұмыс орны құрылды.

Олардың қатарында ALC панельдері мен газоблоктар өндіретін зауыт, Euro Truck Service логистикалық орталығы, жылу және сумен жабдықтау жабдықтарын шығаратын кеңейтілген өндіріс кешені, сондай-ақ екі шағын өнеркәсіптік парк бар.

2026 жылдың соңына дейін жалпы құны 6,7 млрд. теңге болатын тағы алты жобаны іске қосып, 346 жұмыс орнын ашу жоспарланып отыр.

Қазіргі уақытта Индустриялық аймақта жалпы құны 1 трлн. теңгеден асатын жобаларды жүзеге асырып жатқан 163 компания жұмыс істейді. Аталған жобалар аясында 10 мыңнан астам жаңа жұмыс орнын құру көзделген.

9 772223 237006

ОЙ. ПІКІР. ҰСЫНЫС.



Ақан БИЖАНОВ, Алматы қаласы Ардагерлер кеңесінің төрағасы:

Ел болашағы – ортақ іс

Мемлекет басшысының Жолдауында еліміздің стратегиялық даму бағыттарына жан-жақты талдау жасалған. Онда экономиканы дамыту, әлеуметтік саланы жетілдіру және саяси реформаларды жүзеге асыру жөніндегі барлық өзгеріс пен міндеттің түпкі мақсаты – азаматтардың әл-ауқатын арттыру екені айқын көрініс тапқан. Алматы үшін көлік инфрақұрылымын жетілдіру мәселесі ерекше өзекті. Себебі, бұл – қала тұрғындары үшін күнделікті өмірде аса маңызды әрі қажетті мәселенің бірі.

Ең төменгі жалақыны 100 мың теңгеге дейін көтеру, медицина қызметкерлерінің еңбекақысын арттыру, мұғалім мәртебесін көтеру сияқты бастамалардың да маңызы зор. Президенттің басқа да өзекті тапсырмалары қоғамның дамуына бағытталған.

Ендігі кезекте, менің ойымша, еліміздің әрбір азаматы осы бағдарламалық Жолдауда белгіленген міндеттерді жүзеге асыруға өз үлесін қосуы қажет. Өйткені, еліміздің болашағы көп жағдайда әрқайсымыздың ортақ іске қосқан үлесімізге байланысты.



Қайрат ЖАҚУПОВ, Азаматтық авиация академиясының академиялық қызмет жөніндегі проректоры:

Маңызды міндет белгіленді

Жолдауда еліміздің алдағы даму бағытына қатысты маңызды міндеттер белгіленді. Әсіресе, инфрақұрылымды жаңарту, көлік және логистика саласын дамыту, цифрлық технологияларды кеңінен қолдану мәселелеріне баса назар аударылды. Бұл бастамалардың азаматтық авиация саласына да тікелей қатысы бар. Қазақстан Еуропа мен Азияның арасындағы маңызды әуе жолдарының торабында орналасқан. Еліміздің осы мүмкіндігін тиімді пайдалану үшін әуежайларды дамыту, әуе қатынасын кеңейту, жолаушылар мен жүк тасымалының сапасын арттыру қажет. Алайда, жаңа әуежайлар мен заманауи техниканың болуы өз алдына, оларды қауіпсіз әрі тиімді басқаратын білікті мамандардың жеткілікті болуы да аса маңызды.

Мемлекет басшысы Жолдауында еліміздің инфрақұрылымын кең көлемде жаңғыртуға бағытталған «Халықтық құрылыс» бағдарламасына тоқталды. Бұл бастама жаңа нысандар салумен бірге, қолданыстағы ғимараттар мен инженерлік жүйелерді жаңартудың маңызын көрсетеді. Мұндай жұмыстардың нәтижелі болуы үшін құрылыс пен технологиялық жаңаруды мамандар даярлау ісімен қатар алып жүру қажет.

Бұл мәселе жоғары оқу орындарына да қатысты. Мәселен, Азаматтық авиация академиясының оқу ғимараттарын, зертханалары мен оқу-жаттығу базасын жаңарту, заманауи тренажерлармен жабдықтау, студенттердің тәжірибелік сабақтарына қолайлы жағдай жасау – бүгінгі күннің маңызды қажеттіліктерінің бірі. Өйткені, авиация маманын тек дәрісханада оқытып шығару мүмкін емес. Болашақ ұшқыш, авиация инженері немесе әуе қозғалысын ұйымдастыру маманы алған білімін іс жүзінде қолдана білуге тиіс.

Авиациялық білім берудің басқа салалардан ерекшелігі де осында. Мұнда әрбір маманның кәсіби дайындығына жоғары талап қойылады.





АЛМАТЫДА ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Шаһардың әр ауданында Үкімет өкілдері, Құрылтай депутаттары мен Қазақстан Халық кеңесі мүшелерінің халықпен кездесулері өтті. Онда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа тарихи кезеңдегі Қазақстанның өзекті міндеттері» атты Қазақстан халқына Жолдауындағы ауқымды бастамалар түсіндірілді. Кездесулерде инфрақұрылымды жаңғырту, әлеуметтік қолдауды күшейту және халықтың тұрмыс сапасын арттыруға бағытталған түйінді мәселелер жан-жақты талқыланды. Атап айтқанда, Ұлттық қор қаражатын тиімді игеру, ең төменгі жалақыны кезең-кезеңімен өсіру және өңірдегі әлеуметтік нысандардың құрылысын жеделдету мәселелері басты назарда болды.

Ұсыныстар жинақталды

Әлеуметтік қызметтер үйінде Құрылтай депутаты Айдос Сарым, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау бірінші вице-министрі Ербол Тұяқбаев, Қазақстан Халық кеңесінің мүшесі Айгүл Сәдуақасова, Алматы қаласы Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Бауыржан Жаубасов әлеуметтік қорғау саласының өкілдерімен кездесті. Сонымен қатар, аталған жұмыс тобы мегаполистегі білім, медицина саласының өкілдерімен және Бостандық, Медеу ауданының тұрғындарымен жолықты. Іс-шаралар барысында Мемлекет басшысы Жолдауда көтерген өзекті мәселелер ортаға салынып, айтылған тапсырмалардың міндет-мақсаты түсіндірілді. Оған қоса, әртүрлі сала өкілдерінің пікірі тыңдалып, ұсыныстары ескерілді.

– Біздің басты міндетіміз – Президенттің идеялары мен тапсырмаларын халыққа жеткізу, сондай-ақ аталған мәселелер бойынша азаматтардың пікірлерін, ұсыныстары мен ұстанымдарын жинақтау. Бүгінгі кездесу барысында әлеуметтік сала өкілдері мемлекеттік деңгейде шешуді талап ететін нақты түйткілдерді көтерді. Айтылған барлық ұсынысты кейіннен жүйелеп, пысықтау үшін тіркеп жатырмыз, – деді Айдос Сарым.

Ал Қазақстан Халық кеңесінің мүшесі Айгүл Сәдуақасова ұстаздар қауымын толғандырған мәселелерге тоқталды. Ол Президент тұжырымдамаларын халыққа жеткізуде педагогтердің орны ерекше екенін атап өтті.

– Педагогтер өз тілектерін, ұсынымдарын және ерекше білім беруді қажет ететін балаларды тәрбиелеуге қатысты сұрақтарын жеткізді. Әрине, ұстаздар қауымына үлкен жауапкершілік жүктеледі. Бұл ой-санамен жұмыс істеу, Президенттің «Адал азамат», «Таза Қазақстан» тұжырымдамалары аясында тәрбие беру. Бұл мәселеге де баса назар аударылды. Мемлекет басшысы Жолдауында инклюзивті жаңа даму орталықтарын салу және іске қосу қажеттігін атап өтті, – деді Айгүл Сәдуақасова.

Құрылтай депутаты Сергей Пономарев, Қазақстан Халық кеңесінің мүшесі Мейіржан Отыншиев, Қаржы вице-министрі Әсет Тұрысов, Алматы қоғамдық кеңесінің мүшесі Асқат Қабашев және «Атамекен» ҰКП Алматы қаласы бойынша директоры Шыңғысхан Маманов бастаған екінші жұмыс тобы Алмалы, Әуезов және Жетісу аудандарының тұрғындарымен жүздесті. Одан бөлек, «Ғылым» ордасында ғылыми қауымдастық өкілдерімен, Инвестициялар үйінде кәсіпкерлермен кездесу өткізді.

– Кейінгі жылдары елімізде орасан зор өзгерістер болып жатыр. Қазақстан дамудың жаңа кезеңіне қадам басты. Мемлекет басшысы Жолдауында Үкіметке инфрақұрылымды жаңғыртудың нақты жоспарын әзірлеуді тапсырды. Ол үшін Ұлттық қорды мақсатты түрде пайдалану өте маңызды. Осы ауқымды бастаманы жүзеге асыру үшін Ұлттық қордан 2029 жылдың соңына дейін 6,5 триллион теңге бөлінеді. Инфрақұрылымға инвестиция құю – адам капиталына, азаматтардың өмір сапасын арттыруға бағытталған ұзақ мерзімді салым ретінде қарастырылады. Яғни мемлекеттік қаражат экономикалық және әлеуметтік қайтарымын беруі тиіс.

Мемлекет басшысы атап өткендей, болашақ ұрпақ алдындағы тарихи жауапкершілік тек олардың шоттарына ақша жинап берумен ғана шектелмейді, дамыған ел құрып, оны мұра етіп қалдыру да маңызды. Сонымен қатар, республикада 70 денсаулық сақтау объектісі және 50-ге жуық білім беру, спорт және мәдениет объектілері салынады, – деді Құрылтай депутаты Сергей Пономарев.

Басты басымдықтар

Ал Қазақстан Халық кеңесінің мүшесі Мейіржан Отыншиев әлеуметтік және денсаулық сақтау салаларына тоқталып, Президент тапсырмасы негізінде атқарылатын жұмыстарды түсіндірді. Оның айтуынша, Президент Жолдауындағы басты басымдықтардың бірі – халықтың тұрмыс сапасын арттыру. Сондықтан 2027 жылдың 1 қаңтарынан бастап ең төменгі жалақыны 85 000 теңгеден 100 000 теңгеге дейін көтеру жоспарланып отыр.

– Бұл шешім еліміздегі 1 миллион 800 мың адамның табысын арттыруға әсер етуі тиіс. Әлеуметтік саясаттың тағы бір маңызды бағыты – денсаулық сақтау және білім беру. Президент Жолдауында еліміз бойынша жаңа медициналық мекемелер салу жоспары жарияланды. Соның ішінде Алматы қаласында жаңа көпбейінді балалар ауруханасын салу көзделіп отыр. Өткен аптада қалада үлкен онкологиялық орталықты салу бойынша жұмыстар басталып кетті. Осы Жолдау аясындағы бірінші қадам деп қабылдаңыздар. Сонымен қатар, ерекше қажеттіліктері бар балалар үшін қолжетімді әрі қауіпсіз орталық қалыптастыру мәселесін көтерді. Әрбір бала сапалы білім алуға, денсаулығын сақтауға және өз қабілетін дамытуға тең мүмкіндік алуға тиіс, – деді Мейіржан Отыншиев.

Нақты секторға назар

Келесі жұмыс тобының құрамында Құрылтай депутаты Айжан Скакова, Энергетика вице-министрі Қайырхан Тұтқышбаев, Өнеркәсіп және құрылыс вице-министрі Қуандық Қажкенов және Алматы қоғамдық кеңесінің төрағасы Нұржан Жақыпов болды. Олар Алатау, Наурызбай және Түрксіб аудандарының тұрғындарымен, сондай-ақ IT қауымдастық өкілдерімен, қала жастарымен кездесті. Онда мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымның өкілдері тұрғын үй құрылысы мен инфрақұрылымды дамыту, энергетика, су ресурсын үнемдеу мен азаматтарды қолдау жағын талқылады. Энергетика вице-министрі Қайырхан Тұтқышбаев елдегі энергетикалық сектордың бүгінгі ахуалына тоқталып, алдағы ірі жобалар туралы баяндады.

– Мемлекет басшысы әрдайым энергетика саласына ерекше назар аударады. Энергетика министрлігі жұмысының негізгі бағыттарының бірі – бұл электр энергетикасының көмір генерациясын дамыту. Одан бөлек, біздің министрлік газдандыру бойынша құзіретті орган болып есептеледі. Өткен жылдың қорытындысы бойынша электр энергиясын өндіру көлемі ең жоғары деңгейге жетті. Бұл 123,1 млрд. киловатт сағатты құрады. Ал түптік көлемі 124,6 млрд. киловатт сағатты құрады, яғни тапшылық бар.

Сондықтан энергетикалық қауіпсіздікті арттыру және экономиканың өсіп келе жатқан қажеттілігін қамтамасыз ету мақсатында жаңа генерация қуаттары қажет. 2029 жылды қоса алғанда, жалпы қуаты 13,3 ГВт болатын энергетикалық қуаттар іске қосылады. Келесі жылы Алматы ЖЭО-3-те 544 МВт қуатпен қамтамасыз ететін тағы орталық іске қосу жоспарда бар. Газдандыруға тоқталсақ, қазір Алматы қаласында ешқандай үлкен мәселелер жоқ, – деді ол.

Ал Айжан Сқақова азаматтардың күнделікті өміріне тікелей әсер ететін іс-шаралар туралы сөз қозғады. Оның ішінде алматылықтар арасында экологиялық мәдениетті, әсіресе, су үнемдеу мәдениетін дамытудың өзектілігіне тоқталды.

– Реформаның нәтижесін әр отбасы сезінетіндей болуы керек. Қолдау шынымен мұқтаж жандарға жетуі тиіс. Экономикалық өсім жаңа жұмыс орнын ашумен, нақты табыстың артуымен қатар жүруі қажет. Алматы үшін су қауіпсіздігі де аса маңызды: ауыз суды үнемдеп, мүмкіндігінше техникалық сумен алмастыруымыз керек, – деді Айжан Сқақова.

Жалпы, Алматыда Президент Жолдауының негізгі бағыттарын түсіндіруге арналған 15 кездесу өтті. Оларға 2,5 мыңға жуық адам қатысты.

Досбол АТАЖАН.
Сурет: Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

ОЙ. ПІКІР. ҰСЫНЫС.



Смағұл ЕЛУБАЙ, Қазақстанның халық жазушысы:

Ел өмірінен көрініс табуы керек

Мемлекет басшысының Жолдауындағы ең басты бағыт – елдің экономикалық әлеуетін арттырып қана қоймай, оның игілігін қарапайым халықтың сезінуіне жағдай жасау деп ойлаймын. Өйткені, мемлекеттің дамуы ең алдымен азаматтардың тұрмыс сапасымен, отбасылардың әл-ауқатымен өлшенеді. Халықтың табысы артып, әлеуметтік жағдайы жақсарғанда ғана қоғамда тұрақтылық орнап, болашаққа деген сенім нығаяды.

Осы тұрғыдан, табысы төмен азаматтардың жағдайын ескеріп, ең төменгі жалақыны 110 мың теңгеге дейін көтеру бастамасының маңызы зор. Бұл – халықтың әлеуметтік сұранысына жауап беруге бағытталған қадам. Елдегі экономикалық реформалардың қай-қайсысы да қарапайым азаматтардың тұрмысын жақсартуға бағдарлануы керек. Жолдауда табысы аз, әлеуметтік тұрғыдан осал топтардың мүддесіне басымдық берілуін мен осы тұрғыдан құптаймын. Мемлекет басшысының көздегені де – халыққа лайықты өмір сүруге мүмкіндік жасап, әр азаматтың ертеңіне деген сенімін нығайту деп түсінемін.

Ал 2027 жылдың «Жалпыхалықтық ауқымды құрылыс» жылы деп жариялануының да әлеуметтік-экономикалық маңызы ерекше деп санаймын. Құрылыс – бір ғана саланың емес, көптеген кәсіптің дамуына ықпал ететін ауқымды бағыт. Оның айналасында құрылыс материалдарын өндіру, тасымал, жобалау, сәулет, қызмет көрсету секілді бірқатар сала бар. Құрылыс қарқын алса, осы бағыттың барлығында қызмет көбейіп, жаңа жұмыс орындары ашылады. Бұл жұмыссыздықты азайтып, халықтың табысын арттыруға, әсіресе баспанаға мұқтаж азаматтардың мәселесін шешуге мүмкіндік береді.

Ең маңыздысы, мұндай бастамалар қағаз жүзіндегі жоспар күйінде қалмай, халықтың күнделікті өмірінен көрініс табуы керек. Экономикалық өсімнің нәтижесі қарапайым отбасының тұрмысынан, жастардың жұмысқа орналасуынан, азаматтардың баспаналы болуынан сезілгенде ғана реформалардың шынайы тиімділігі байқалады. Халықтың әл-ауқатын көтеру – бір мекеменің немесе бір саланың ғана міндеті емес, тұтас қоғамның ортақ мақсаты. Ел болып жұмылып, әркім өз міндетіне жауапкершілікпен қарағанда ғана көзделген нәтижеге қол жеткіземіз деп ойлаймын.



Рүстем ТӨЛЕУТАЕВ, Кардиология және ішкі аурулар ҒЗИ-дің Басқарма төрағасы:

Ұлт денсаулығына салынған инвестиция

Мемлекет басшысының биылғы Жолдауында білімнің, ғылымның, инновациялар мен жасанды интеллектінің қазіргі заманғы прогрестің негізгі қозғаушы күштері ретіндегі рөліне ерекше назар аударылған.

Бұл басымдықтардың денсаулық сақтау жүйесі үшін маңызы зор. Өйткені, ғылыми әлеуетті дамыту, озық технологияларды енгізу және медицина мамандарының біліктілігін арттыру медициналық көмектің сапасы мен қолжетімділігіне тікелей әсер етеді.

Заманауи диагностикалық технологиялар, цифрлық шешімдер, ғылымның жетістіктері ауруларды ерте анықтауға, емдеу мен профилактика әдістерін жетілдіруге, сондай-ақ медициналық көмектің тиімділігін арттыруға жаңа мүмкіндіктер ашуда. Ғылымға, инновацияларға және мамандардың кәсіби дамуына салынған инвестиция – ұлт денсаулығы мен еліміздің тұрақты болашағына салынған инвестиция.

Мемлекет басшысы медициналық-санитариялық алғашқы көмекке қатысты мәселелерді, оның ішінде жалпы практика дәрігерлерінің өкілеттіктерін кеңейту және қаржыландыру көлемін кезең-кезеңімен ұлғайту қажеттігін атап өтті.

Сондай-ақ, келер жылдан бастап үздіксіз еңбек өтілі үшін МСАК учаскелік қызметі мамандарының жалақысын 40%-ға дейін көтеру мәселесіне назар аударылды. Бұл – 77 мыңнан астам медицина қызметкерінің табысын арттыруға мүмкіндік береді. Осындай қадамдар ауруларды ерте анықтауға және емдеуді уақытылы бастауға ықпал ететінін атап өткім келеді.

САРАП-ТІМЕ

СЕНІМ АЛДЫНДАҒЫ СЫНАҚ

Кезекті мәслихат сайлауы несімен ерекше?

***2026** жылы 29 қарашада Қазақстанда барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының кезектен тыс сайлауы өтеді. Алматы қаласы мәслихатының депутаттарын сайлау дайындығы да қызу жүріп жатыр. Ресми дерекке сүйенсек, ел бойынша 3447 мандатқа 10 971 үміткер тіркелген. Бір орынға орта есеппен үш үміткерден келеді. Бұл көрсеткіш 2023 жылғы сайлаумен шамалас. Алайда, биыл партиялық тізімдер мен үміткерлердің жалпы саны азайып, саяси күштердің құрамы өзгерді.*



Партиялық алаңдағы басты өзгеріс

Елімізде сайлау алдындағы үгіт 1 қарашада басталып, 28 қарашада аяқталады. Одан кейін тыныштық күні жарияланып, 29 қарашада дауыс беріледі. Орталық сайлау комиссиясының мәліметінше, мәслихат депутаттығына 10 971 үмітер тіркелді. Оның 1219-ы 99 партиялық тізімге енгізілген. Бірмандатты 3113 сайлау округі бойынша 9752 үміткер додаға түседі. Орта есеппен бір мандатқа үш үміткерден келеді. Партиялық тізімдердегі әйелдер мен жастардың жиынтық үлесі 43,2 пайызды құрайды.

Бұл көрсеткіштерді 2023 жылғы сайлаумен салыстырғанда, үміткерлер санының біршама азайғанын көруге болады. Үш жыл бұрын мәслихаттарға 118 партиялық тізім бойынша 1447 және бірмандатты округтер бойынша 10 288 үміткер тіркелген еді. Демек, биыл үміткерлердің жалпы саны 764 адамға немесе шамамен, 6,5 пайызға қысқарған. Партиялық тізімдер саны 19-ға, ондағы үміткерлер саны 228 адамға азайды. Бірмандатты округтердегі үміткерлер саны да 536 адамға кеміді. Соған қарамастан, бір орынға шаққандағы орташа бәсекелестік бұрынғыдай үш үміткер деңгейінде сақталып отыр.

Сандық көрсеткіштердің төмендеуіне қарамастан, бұл сайлаудағы негізгі өзгеріс үміткерлер санынан емес, партиялық алаңның қайта құрылуынан көрінеді. 2023 жылғы науқанға қатысып, мәслихаттарда басымдыққа ие болған AMANAT партиясы биыл сайлауға қатыспайды. Оның орнына бюллетеньге «Әділет» партиясы енгізілді. Осылайша сайлауға «Ауыл», «Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясы», «Қазақстанның Халық партиясы», Respublica, «Ақ жол», «Байтақ» және «Әділет» партиялары қатысады.

Партиялық тізімдердің 2023 жылмен салыстырғанда, азаюына да назар аударған жөн. Бұл партиялардың барлық өңірде бірдей белсенді еместігін көрсетеді. 99 тізімнің 20 өңірге шаққандағы орташа саны беске жуық. Яғни бюллетеньге жеті партия енгізілгенімен, олардың бәрі әр өңірде толық тізім ұсынбаған. Сондықтан нақты партиялық бәсеке бір облыста алтыжеті саяси ұйым арасында өтсе, басқа өңірде олардың саны әлдеқайда аз болуы мүмкін.

Осы тұрғыдан алғанда сайлау партиялардың республикалық деңгейдегі танымалдығын ғана емес, аймақтық желісінің қаншалықты қалыптасқанын да көрсетеді. Жергілікті сайлауда партия атауынан бөлек үміткердің беделі, өңірдегі әлеуметтік байланысы және нақты мәселелерді білуі маңызды. Партиялардың тізімді толық жасақтай алмауы кадрлық резерв пен аумақтық құрылымдардың әлсіздігін аңғартады.

Өңірлердегі бәсекенің сипаты әркелкі

Алдағы сайлауда 668 мандат облыстық деңгейдегі 20 мәслихатқа, 626 орын 38 қалалық мәслихатқа және 2153 мандат 170 аудандық мәслихатқа тиесілі. Осылайша барлық мандаттың 62 пайыздан астамы аудандық мәслихаттарға тиіп отыр. Бұл сайлаудың негізгі саяси салмағы ірі қалаларда ғана емес, аудандар мен ауылдық аумақтарда да болатынын көрсетеді.

Өңірлер арасындағы айырмашылық халық саны мен әкімшілік құрылымына байланысты. Мысалы, Түркістан облысында барлық деңгейдегі мәслихаттарға 338 депутат сайланады. Өңірде 1 миллион 209 мыңнан астам сайлаушы тіркелген. Бұл – мандат саны мен электорат көлемі жағынан елдегі ең ауқымды өңірлік науқандардың бірі. Сондықтан Түркістан облысында партиялардың ұйымдық мүмкіндігі мен бірмандатты округтердегі үміткерлердің жеке ықпалы қатар сыналады.

Ақтөбе облысында облыстық, қалалық және аудандық мәслихаттардағы 203 депутаттық орын сарапқа салынады. Ал Алматы қаласында 21 бірмандатты сайлау округі құрылған. Қала мәслихатындағы орындардың екінші жартысы партиялық тізім арқылы бөлінеді. Бұл мегаполисте партиялық бренд пен нақты округтегі кандидаттың танымалдығы бірдей маңызға ие болатынын білдіреді.

Ал халық тығыз орналасқан оңтүстік өңірлерде үміткерлер арасындағы бәсеке жоғары болуы мүмкін. Солтүстік және орталық аймақтарда халық санының азаюы, елдімекендердің бір-бірінен қашық орналасуы және жергілікті кадрлық мүмкіндіктің шектеулілігі сайлау науқанына өзгеше сипат береді. Мұнда үміткердің аудан тұрғындары арасында танымалдылығы мен жергілікті мәселелерге араласуы шешуші маңызды болуы мүмкін.

Жалпы, 2026 жылғы мәслихат сайлауы сан жағынан 2023 жылғы науқаннан айтарлықтай алшақ емес. Бір мандатқа шаққандағы бәсеке бұрынғы деңгейде сақталды. Бірақ партиялық конфигурацияның өзгеруі, AMANAT партиясының додаға қатыспауы және жаңа саяси күштің бюллетеньге енуі сайлауға басқа мазмұн беріп отыр.

Ендігі негізгі мәселе үміткерлердің саны емес, сайлау науқанының сапасы болмақ. Егер үгіт кезеңінде жергілікті мәселелер ашық талқыланып, үміткерлер арасында шынайы пікірталас жүрсе, мәслихат сайлауы өңірлік саясаттың жаңаруына ықпал етеді. Сондықтан бұл сайлау партиялар мен үміткерлер үшін ғана емес, жергілікті өкілді биліктің қоғам алдындағы беделі үшін де маңызды сынақ болмақ.

Пердехан ШӘМШИЕВ,
сарапшы.
(Сурет: ЖИ).



Абай ДҮЙСЕНБАЕВ, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент:

Ұстаздарға жаңа мүмкіндік береді

Мемлекет басшысының «Жаңа тарихи кезеңдегі Қазақстанның өзекті міндеттері» атты Жолдауы ел тарихындағы бетбұрыс кезеңін айқындауға бағытталған. Халық күткендей, бұл құжат бұрынғы Жолдаулардан мазмұны жағынан да, ауқымы жағынан да ерекшеленді. Ол декларативті сипатта емес, ұлт болашағын айқындайтын нақты әрі өткір шешімдерден тұрады. Жолдауда экономика, өнеркәсіп, білім, ғылым, экология және демография, т.б. стратегиялық бағыттарды қайта құрудың нақты жолдары көрсетілген. Биылғы Жолдау Тәуелсіздіктің 35 жылдығына және ел Конституциясының жаңа редакциясының күшіне ену кезеңіне тұспа-тұс келіп отыр.

Жолдаудың басты құндылығы адам әлеуеті мен халықтың әл-ауқатына бағытталды. Президент әлемдегі күрделі ахуалды ашық айта отырып, бізді ынтымақ пен бірлікке шақырды. Әсіресе, өңірлердегі мектеп, аурухана, спорт нысандарының тапшылығын айтып, оны шешуді тапсыруы азаматтардың мемлекетке деген сенімін нығайтады. Болашақ ұрпаққа қуатты, дамыған әрі заң үстемдік ететін мемлекет қалдыру ортақ мақсатымыз деп келтірді.

Сонымен қатар, ұстаздардың қағазбастылығы мен артық жүктеме туралы ашық айтқаны көңілімізден шықты. Шын мәнінде, дәстүрлі қағаз есептерді азайтқанымызбен, оның орнын түрлі цифрлық платформаларға мәлімет енгізу сияқты жаңа «электронды қағазбастылық» басып кеткен еді. Мемлекет басшысының бұл басы артық жұмыстарды тоқтату туралы талабы мұғалімге ең басты міндеті сапалы сабақ беруге уақыт пен мүмкіндік береді. Жаңа тарихи кезеңде білім беру жүйесін жаңғырту үшін алдымен мұғалімнің беделін нығайту қажет екенін Мемлекет басшысы дәл басып көрсетті.

Реформалардың тиімділігі мұғалімге түсетін салмақпен өлшенбеуі керек, яғни әрбір өзгеріс педагогтың стресін азайтуға және жетістікке жетуге бағытталуы тиіс. Президенттің мұғалімдерді пайдасыз тексерістерден, бітпейтін цифрлық есептерден және өз міндетіне жатпайтын шаруалардан босату туралы Үкіметке берген тапсырмасы білім сапасын арттырудың бағытын құрайды. Ұстаздың қоғамдағы беделін қорғау ісіне тек мектеп қана емес, отбасы мен ата-ана да ортақ жауапты болуы керек деген тұжырым заманауи қоғамдық сананы өзгертуге серпін береді.

Жаһандық алмағайып заманда біздің басты күшіміз – бірлікте. Мемлекет басшысы атап өткендей, басты мақсат – әділетті қоғам құру және ұлттың жаңа сапасын қалыптастыру. Қазақстан – біздің ортақ үйіміз, ал бабалар аманаты болған кең байтақ жеріміздің өркендету – перзенттік борышымыз. Президент Жолдауындағы мақсаттарға бірге қол жеткізіп, ел дамуына атсалысайық!





ӨҢІРЛІК ЫНТЫМАҚТЫҢ ӨЗЕГІ

Шаһарда Екінші Тянь-Шань форумы өтті

Алматыда Орталық Азия елдерінің экономикалық байланысын тереңдетіп, инвестициялық мүмкіндіктерін кеңейтуге арналған Екінші Тянь-Шань форумы өтті. Халықаралық жиында көлік-логистика, сауда, энергетика, цифрлық инфрақұрылым және жасанды интеллект салаларындағы ынтымақтастық мәселелері талқыланды. Басқосуға аймақ елдерінің үкімет мүшелері, халықаралық қаржы институттары, даму ұйымдары, бизнес өкілдері мен ғылыми қауымдастық қатысты.

Әріптестік әлеуеті жоғары

Кезекті форум «Орталық Азиядағы орнықты өзара байланысты нығайту және сапалы инвестицияларды тарту» тақырыбы аясында өтті. Форумның мақсаты – аймақ елдерінің экономикалық әлеуетін ортақ мүддеге жұмылдырып, бірлескен жобаларды жүзеге асыруға жол ашу. Жиынның ашылуында сөз сөйлеген Премьер-министрдің орынбасары – Ұлттық экономика министрі Серік Жұманғарин Орталық Азия елдері экономикалық дамудың жаңа кезеңіне қадам басқанын атап өтті.

Министрдің мәліметінше, 2025 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстанның Орталық Азия өңірлік экономикалық ынтымақтастығы (ОАӨЭЫ) бағдарламасына қатысушы елдермен тауар айналымы 8,8 млрд. АҚШ долларына жетіп, бір жылда 14,4 пайыз өскен. Серік Жұманғарин көлік-логистикалық байланысты жетілдіру мәселесіне де тоқталды. Қазақстан теміржол және автомобиль инфрақұрылымын жаңғыртып, көлік дәліздерінің өткізу қабілетін арттыру және мультимодальды тасымалды дамыту бағытында жұмыс жүргізіп келеді. Ал трансшекаралық тасымалдың жылдам әрі тиімді болуы үшін өңір мемлекеттері көлік жүйелерін өзара үйлестіріп, шекарадағы рәсімдерді цифрландыруы маңызды.

Инвестициялық әріптестіктің ауқымы да айтарлықтай. 2005 жылдан бері ОАӨЭЫ елдерінен Қазақстанға 30 млрд. АҚШ долларынан астам тікелей шетелдік инвестиция тартылған. Ал Қазақстанның өңір мемлекеттеріне салған инвестициясы 4 млрд. доллардан асқан. Сонымен қатар, елімізде ОАӨЭЫ өңірінен келген капиталы бар 28 мыңнан астам кәсіпорын және 2,5 мыңнан асатын бірлескен компания тіркелген.

Қытай Халық Республикасының Қаржы министрі Лань Фоань Орталық Азияның Еуразия құрлығындағы стратегиялық маңызына назар аударды. Оның айтуынша, өңір Шығыс пен Батысты, Солтүстік пен Оңтүстікті жалғайтын маңызды географиялық торап саналады. Кейінгі жылдары Орталық Азиядағы экономикалық ынтымақтастық аясында сауда мен инвестиция көлемі артып, бірқатар ірі инфрақұрылымдық жоба жүзеге асырылған.

Алматы маңызды алаң ұсынды

Форумның Алматыда өтуі де кездейсоқ емес. Қала әкімінің орынбасары Олжас Смағұлов халықаралық жиынды шаһарда ұйымдастыруды үлкен мәртебе деп бағалады. Бүгінде Алматының сауда-экономикалық байланыстары әлемнің 130-дан астам елімен жолға қойылған. Қала Қазақстан экономикасының бестен бір бөлігіне ие, елімізге тартылатын тікелей шетелдік инвестицияның 40 пайыздан астамын игерген. Сонымен қатар, шаһарда жетекші халықаралық компаниялар, банктер мен қаржы институттары шоғырланған.

ОАӨЭЫ институтының директоры Шарымұхаммет Шаллыев өңірлік ықпалдастықтың негізі өзара байланысты инфрақұрылымдық жобалар екенін атап өтті. Оның пікірінше, теміржолдар мен автомобиль жолдарына, энергетикалық және цифрлық инфрақұрылымға салынған инвестициялар мемлекеттер арасындағы байланысты күшейтіп, сауда көлемін арттыруға мүмкіндік береді.

ЖИ – жаңа бағыт

Форумда экономикалық серіктестіктің дәстүрлі бағыттарымен қатар, технологиялық даму мәселесіне де айрықша назар аударылды. Әсіресе, Орталық Азия елдерінің жасанды интеллект саласындағы тәжірибе алмасуы мен ортақ әлеуетін қалыптастыру мәселесі қозғалды. ОАӨЭЫ институтының біліктілікті арттыру бөлімінің басшысы Ильхам Абдулаевтың айтуынша, кейінгі екі жылда бағдарлама аясында өңір мемлекеттерінің жасанды интеллектіні дамыту және осы бағыттағы мемлекеттік саясатты жетілдіру жөніндегі ынтымақтастығы белсенді дамып келеді.

Қазір Орталық Азия елдері бұл технологияны енгізудің әртүрлі кезеңінде тұр. Мәселен, Тәжікстанда жасанды интеллектіні дамыту стратегиясы әзірленсе, Қазақстанда осы бағытқа жауапты министрлік құрылды. Қырғызстанда жасанды интеллект жөніндегі кеңес жасақталды. Ал Түрікменстанда саланы дамытуға қатысты мемлекеттік саясатты қалыптастыру мәселесі қарастырылып жатыр.

«Денсаулық сақтау жүйесін цифрландыру және медицинада жасанды интеллектіні қолдану өңір елдері үшін өзекті мәселеге айналды. Қытайда медициналық тексерулер жүргізу мен ауруларды басқару үдерістерінде жасанды интеллектіні қолданудың озық тәжірибесі қалыптасқан. Сондықтан келесі семинарда осы тәжірибені таныстырып, AI Plus Healthcare бағыты бойынша нақты мүмкіндіктерді көрсету көзделіп отыр», – деді Ильхам Абдулаев.

Инвестициядан – инфрақұрылымдық жобаларға

ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Халықаралық экономикалық ынтымақтастық департаментінің директоры Ержан Несібқұловтың айтуынша, өңірде жүзеге асырылатын инфрақұрылымдық жобалар автомобиль және теміржол желілерін, әуежайларды, теңіз жағалауы мен трансшекаралық су жолдарын қамтиды. Бұл бағыттағы жұмыстарды қаржыландыру үшін халықаралық қаржы институттарымен байланыс та нығайып келеді.

«Жақында Азия инфрақұрылымдық инвестициялар банкімен өзара ынтымақтастық туралы шеңберлік келісімді ратификациялаймыз. Бұл келісім аясында жеңілдетілген және ұзақ мерзімді қаржы тартуға мүмкіндік бар. Оның ішінде Жезқазған, Қызылорда, Қызылжар, Мойынты, Атырау, Доссор секілді бағыттардағы автомобиль жолдары бар», – деді Ержан Несібқұлов.

Ендігі міндет – форумда көтерілген бастамаларды нақты жобаларға айналдырып, өңірлік ынтымақтастықтың игілігін елдер экономикасы мен халықтың күнделікті өмірінен көрсету.

Дана САДЫРҚАН.

Көршілес елдің тәжірибесі талқыланды

Алматыдағы «Тұран» университетінде Қытай Халық Республикасының дипломаттары, оқытушылар мен студенттер бас қосқан «Дөңгелек үстел» өтті. Кездесуде Қытайдың мемлекеттік басқару тәжірибесі, жаңғыру бағыты және қазақ-қытай ынтымақтастығының келешегі сөз болды.



«Бірге оқимыз – болашақ туралы бірге ой бөлісеміз» тақырыбындағы жиынды ҚХР-дың Алматыдағы Бас консулдығы мен «Тұран» университеті бірлесіп ұйымдастырды. Талқылауға Си Цзиньпин тұсындағы Қытайдың мемлекеттік басқаруы туралы кітап арқау болды. Кездесуді ҚХР Бас консулдығының білім беру мәселелері жөніндегі консулы Хуан Сяоминь мен «Тұран» университетінің аға оқытушысы Айжан Байсерке жүргізді.

Іс-шараның негізгі мақсаты – қытайлық дипломаттар мен қазақстандық жастар арасында ашық диалог орнатып, көрші елдің даму философиясын жан-жақты қарастыру.

Жиынды «Тұран» университетінің ректоры, ҚР ЖОО қауымдастығының президенті, экономика ғылымдарының докторы, профессор Рахман Алшанов және ҚХР-дың Алматыдағы Бас консулы Су Фанцю құттықтау сөзбен ашты. Олар білім мен мәдениет саласындағы байланыстардың екі ел арасындағы өзара түсіністікті тереңдетудегі маңызына назар аударды.

Баяндамалар Қытайдың қазіргі даму үлгісін бірнеше қырынан қамтыды. Университеттің стратегиялық даму, ғылым және инновациялар жөніндегі проректоры Дина Разакова мемлекеттік басқару туралы еңбектің мазмұнына тоқталса, профессор Алтынай Мұхамедиярова ҚХР-дың сыртқы саяси философиясы мен «Адамзаттың ортақ тағдыр қоғамдастығы» тұжырымдамасын талдады. Халықаралық қатынастар және дипломатия жоғары мектебінің директоры Нұрболат Нышанбаев қытайлық жаңғыру ұғымының саяси негіздерін түсіндірді.

Студенттер де талқылауға белсенді қатысты. Самал Ахмет Қытайдың индустриялық өсімнен жасыл жаңғыруға бет бұруы туралы баяндама жасады. Әлихан Қалибек халыққа бағдарланған мемлекеттік басқару моделіне, әлеуметтік саясат пен кедейлікті азайту тәжірибесіне тоқталды. Бұл баяндамалар жастардың Қытайдағы қоғамдық және экономикалық үдерістерге қызығушылығы жоғары екенін көрсетті.

Ал Бас консулдық өкілдері Пэн Яфэй мен Ян Жуй Қытай қоғамындағы өзгерістер, елдің даму философиясы және қазақ-қытай ынтымақтастығының болашағы жөнінде ой бөлісті.

«Дөңгелек үстел» студенттердің сұрақтары мен еркін пікір алмасуға ұласты. Қатысушылар мемлекеттік басқару тәжірибесін танып-білу тек саяси немесе академиялық қызығушылықпен шектелмейтінін, мұндай кездесулер жастар арасындағы тікелей байланыс пен өзара сенімді нығайтатынын атап өтті. Жиын соңында баяндамашыларға сертификаттар табысталды.

Пердехан ШӘМШИЕВ,
Сурет: Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

БІЗДІҢ СҰХБАТ

ЫҢҒАЙЛЫ ҚАЛА ФОРМУЛАСЫ

Урбанистің тың идеясы қандай?





Еліміздің ең үлкен, сәулеті мен табиғаты үйлескен сүйікті мегаполисі күн сайын кеңейіп келеді. Шаһардың тыныс-тіршілігі инфрақұрылымға да жаңа талаптар қоюда. Көлік кептелісін азайту, қоғамдық кеңістіктерді көбейту және шеткі аудандарда тұратын тұрғындарға жайлы орта қалыптастыру сияқты өзекті мәселелер төңірегінде сәулетші-урбанист Владислав ФИЛАТОВПЕН әңгімелескен едік.

– Бүгінде Алматы үшін ең өткір тұрған урбанистикалық мәселе қандай?

– Басты түйткіл – қала шетінде тұратын халықтың жеке көлікке тәуелділігі. Бұл – инфрақұрылымның тапшылығы мен инженерлік желілердің тым созылып кетуінен туындаған жағдай. Тұрғындардың көбі, әсіресе, шет аудандарда тұратындар қала орталығына жеке көлікпен қатынайды. Қала шеті негізінен жеке сектордан тұратындықтан, мұнда халық тығыздығы өте төмен. Ал тұрғындар сирек орналасқан жерде қоғамдық көлікті тиімді ұйымдастыру да, оны дамыту да әлдеқайда қиынға соғады.

– Сіздіңше, қалада тұрғын үй құрылысы мен инфрақұрылымды дамыту арасындағы теп-теңдік сақталып отыр ма? Жаңа тұрғын үй кешендері жолдарға, мектептер мен қоғамдық кеңістіктерге салмақ түсірмеуі үшін не істеу керек?

– Ең алдымен, шеткі аудандарды ретке келтіру қажет. Тек жаңадан салынған тұрғын үй кешендерді барлық түйткілдің жалғыз себебі деп қарау дұрыс емес. Мәселе мынада: тұрғындар өз ауданынан жақын жерден қажетті дүниенің бәрін таба алмаған соң, амалсыздан орталыққа қарай ағылады. Соның салдарынан орталыққа да, шеткі аудандарға да орасан зор салмақ түседі. Шеткі аудандарда орта қабатты, аралас үлгідегі тұрғын үйлер бой көтеруге тиіс. Онда қоғамдық көліктің барлық түрі де қолжетімді болып, микромобильділік құралдарына (самокат, велосипед, т.б.) арналған инфрақұрылым толық жасалуы керек. Орталықтағыдай қолайлы жаңа кеңістік қалыптастыру қажет.

– Неліктен жолдарды кеңейту кептеліс мәселесін шеше бермейді? Алматыдағы көлік қозғалысын реттеу үшін бұдан да тиімді қандай балама шешімдер бар деп ойлайсыз?

– Жолды кеңейтуден ештеңе өнбейді, себебі қанша жерден жолды үлкейтсеңіз де, халықтың үлкен ағынын жеңіл көлікпен тасымалдау мүмкін емес. Бұл міндетті тек қоғамдық көлік қана атқара алады. Сондықтан жолақтарды көбейте бергенше, қоғамдық көлікке арналған арнайы бөлінген жолақтарды, трамвай желісін салып, велосипед пен жаяу жүргіншілерге арналған біртұтас инфрақұрылым құрған жөн. Жолды кеңейту тек белгілі бір тар өткелдерде ғана өзін ақтайды.

Мәселен, Кудерин көшесінің Райымбек пен Рысқұлов даңғылдарының арасындағы бөлігін алайық. Жоғарғы жағындағы жолайрықта, бұрылыстарды қоспағанда 6 жолақ, төменгісінде 7 жолақ бар да, ортадағы Кудеринде бары-жоғы 3-ақ жолақ. Розыбакиев көшесіндегі толассыз кептелістің негізгі себебі де осында.

– Көшелерді, жаяу жүргіншілер жолын жөндеу кезінде уақытша қолайсыздық туындайтыны рас. Тұрғындарға қауіп төндірмей, қолайлы болуы үшін қандай талаптар қойылуға тиіс?

– Әуелі тұрғындарға жолдың немесе тротуардың жабылатыны туралы алдын ала хабарланып, айналма жолдардың схемалары қойылуы керек. Сонымен бірге, қоршалған, қауіпсіз уақытша тротуарлар жасалуға тиіс. Мұндай құрылыс кезінде көпшілігі кептелісте тұрып, уақытын жоғалтады. Жаяу жүргіншілерге де оңай тиіп жатқан жоқ: бұған дейін түзу өтіп жүрген жерінде, енді жолдың жиегімен қауіпті айналма жолдармен жүруге мәжбүр. Дәл осы себепті құрылыс жүріп жатқан аумақтарда айналып өтудің дұрыс схемаларын жасау, арықтардың үстінен уақытша көпірлер салып, жол белгілерін орнату керек.

– Тұрғындармен талқылаудан кейін белгілі бір қалалық жобаға қатысты көзқарасыңыздың өзгерткен кезіңіз болды ма? Мысал келтіре аласыз ба?

– Біз біршама маңызды жобаларды ұсынған едік. Солардың бірі – Өтеген батыр көшесін Щепетков пен Лазарев көшелері арқылы жоғары қарай Навои көшесіне дейін созу. Бұл шешім Абай, Сәтбаев, Алтынсарин, Кекілбайұлы, Розыбакиев және Жандосов көшелеріндегі кептелісті айтарлықтай жеңілдетер еді. Екіншіден, Кудерин көшесін екі жағындағы жолайрықтардың жолақ санына сәйкестендіріп кеңейту. Үшіншіден, Жұбанов пен Есенжанов көшелерінің аралығында Сайран көлі арқылы өтетін көпір салу маңызды. Сол арқылы Төле би, Абай және Сәтбаев көшелеріне түсетін жүктеме едәуір жеңілдейді. Өйткені, қазір көлік жүргізушілерінің дені осы көшелермен айналып өтуге мәжбүр болып отыр. Айтпақшы, бұл көпір кезінде кеңес дәуіріндегі Бас жоспардан бері бар, қазір де қала жоспарында тұр. Ендігі қалғаны – соны сөзден іске көшіріп, жүзеге асыру. Осы айтылған жобалардың бәрі қолға алынса, көліктердің де, жаяу жүргіншілердің де жолын қысқартар еді...

– Әңгімеңізге көп рахмет!

(Сурет: ЖИ).

«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН»

Экологиялық мәдениеттің бастауы



Мемлекет басшысы табиғатқа деген тазалық пен ұқыптылық бір реттік акцияға емес, әрбір азаматтың қоғамдық мәдениеті мен күнделікті өмірінің ажырамас бөлігіне айналуы тиіс екенін үнемі айтып келеді.

Бұл бағыттағы тазалық жұмыстары Алматы қаласында жүйелі түрде жүргізіліп жатыр. Осы ретте қала әкімі Дархан Сатыбалды мегаполисті абаттандыруға, экологиялық инфрақұрылымды дамытуға және таза әрі жайлы қала ортасын қалыптастыруға бағытталған жастар бастамаларын қолдауға ерекше көңіл бөліп отырады. Мәселен, Жетісу ауданындағы «Жетісу-2» жастар комьюнити-орталығының экохаб базасында «Қалдықтарды сұрыптау – табиғатты сақтау!» атты экологиялық акция өтті.

Аталмыш іс-шара «Таза Қазақстан» жалпыұлттық бастамасы аясында ұйымдастырылды. Акцияға қатысқан жастар мен қала тұрғындары тұрмыстық қалдықтарды арнайы контейнерлер бойынша сұрыптап, қайталама шикізатты тапсыру үшін фандоматты пайдаланды.

Сондай-ақ, бұл күні комьюнити-орталықтың қызметкерлері қоқысты бөлек жинау және оны одан әрі өңдеудің маңыздылығы туралы түсіндіру жұмыстарын да қоса жүргізді. Жалпы, «Жетісу-2» комьюнити-орталығы базасындағы экохаб 2026 жылдың 10 қыркүйегінде ашылды. Мұнда пластик, алюминий, қағаз және басқа да өңделетін материалдармен, қалдықтарды бөлек жинауға 10 арнайы контейнер орнатылған.

«Біздің міндетіміз – қалдықтарды сұрыптауды күнделікті өмірдің дағдылы бөлігіне айналдыру. Біз жастардың бір реттік экологиялық акцияларға қатысып қана қоймай, қоршаған ортаға ұқыпты қараудың маңызын түсінгенін қалаймыз. Қазіргі таңда аталмыш Экохаб ауданның барлық тұрғындары үшін ашық және экологиялық білімді тәжірибеде бірден қолдануға болатын алаңға айналуда», – деді комьюнити-орталығының басшысы Айбек Берікболұлы.

Атап өтерлігі, бүгінге дейін Алматыда жастардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру бойынша жүргізілген жұмыс аясында 15 мыңнан астам адамды қамтитын 110-нан астам экологиялық іс-шара ұйымдастырылды. Алдағы уақытта да экохаб алаңында қалдықтарды қайта өңдеу мәдениетін дамытуға және жастарды табиғатты қорғау бастамаларына баулу мақсатында экологиялық акциялар, білім беру кездесулері мен практикалық іс-шаралар жалғасатын болады.

Рая ЕСКЕНДІР.

Суретті түсірген: А.КОЛУМБЕТОВА.

«ХАЛЫҚ ҚАТЫСАТЫН БЮДЖЕТ»

Жаңа сквер көркейтілді

Алматының «Боралдай» шағынауданындағы Азат көшесі, 23-үйдің жанында тұрғындардың демалуына арналған жаңа қоғамдық кеңістік пайда болды.

Сквер «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы аясында көркейтілді. Бұл бағдарлама қала тұрғындарына қалалық ортаны жақсартуға бағытталған жобасын ұсынуға мүмкіндік береді. Аумақта күрделер мен орындықтар орнатылып, шахмат ойнауға арналған арнайы аймақ жасақталды. Сондай-ақ, көгал төселіп, жасыл аймақ жасалды. Кешкі уақытта жайлы демалу үшін көше жарықтандыру жүйесі қарастырылған.

Биыл күзде мұнда биіктігі 3-4 метр болатын шыршалар егу де жоспарланып отыр. Енді шағынаудан тұрғындарының таза ауада серуендеп, отбасымен демалып, өзара араласуына тағы бір жайлы орын пайда болды.


Жалпы, 2026 жылы Алматының Алатау ауданында «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы аясында көркейту бойынша 43 жоба жүзеге асырылып жатыр.

АКЦИЯ

«Жасыл аула»:

ағаш көшеттері тегін беріледі

2 қарашадан бастап Алматы тұрғындары «Жасыл аула» акциясы аясында 10 түпке дейін жапырақты ағаш көшетін тегін алуға өтінім бере алады.



Көшеттер көпқабатты тұрғын үйлердің ауласын және басқа да қоғамдық аумақтарды көгалдандыруға арналған. Бұл туралы Алматы қаласы Экология және қоршаған орта басқармасының өкілдері хабарлады. Акцияға қатысушылар егілген ағаштарға үш жыл бойы күтім жасау міндеттемесін алуға тиіс. Өтінім 2026 жылы 2–15 қараша аралығында zhasyl.aula2026@mail.ru электрондық поштасы арқылы қабылданады.

Қатысу үшін өтінімде аты-жөнін, байланыс деректерін, ағаш егілетін жердің нақты мекенжайын және қажетті көшеттер санын көрсету қажет. Сондай-ақ, мамандар отырғызу орнын бағалай алуы үшін таңдалған аумақтың бірнеше фотосуретін, мүмкіндігінше панорамалық түсірілімдерін қоса тіркеу керек. Фотосуреті жоқ өтінім қаралмайды.

Көшеттерді тарату 21-22 қараша күндері Тәжібаев көшесі, 155 А мекенжайында жоспарланған. Ағаштарды отырғызғаннан кейін қатысушылар егілген көшеттер туралы фотоесеп жолдауы қажет.

Ескерте кететін жәйт, акция жеке тұрғын үй құрылысы аумақтарындағы үйлердің тұрғындарына, сондай-ақ заңды тұлғаларға арналмаған.

Бетті әзірлеген Гүлжанат СЕМБАЕВА.

КӘСІБИ ШЕБЕРЛІК

ҮЗДІК НАУБАЙШЫЛАР



Алматы мемлекеттік бизнес колледжінде техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері арасында «Наубайхана ісі» құзыреттілігі бойынша «Мастерскиллс–2026» республикалық кәсіби шеберлік конкурсы ұйымдастырылды.

Кәсіби сайысқа арнайы пән оқытушылары мен өндірістік оқыту шеберлері қатысты. Олар наубайхана ісі бойынша теориялық білімдерін, практикалық дағдыларын, заманауи технологияларды қолдану қабілеттері мен шығармашылық шеберліктерін көрсетті.



– «Наубайхана ісі» құзыреттілігі бойынша «Мастерскиллс–2026» байқауы Алматы мемлекеттік бизнес колледжінің базасында үшінші жыл қатарынан өтті. Оның мақсаты – талантты, шығармашыл педагогтерді қолдау, олардың кәсіби құзыреттерін дамыту, озық тәжірибені тарату және педагог мамандығының беделін арттыру. Оған қатысуға биыл еліміздің 14 өңірінен оқытушылар келді, – деді Алматы мемлекеттік бизнес колледжі директорының оқу өндірістік ісі жөніндегі орынбасары Ұлжалғас Дүйсенбаева.

Практикалық тапсырмалар төрт модульді қамтыды: дәстүрлі багет, шокупан (жапон сүтті наны), классикалық круассан және «Флора және фауна» тақырыбындағы декоративті арт-өнім. Қатысушылардың жұмыстары WorldSkills International стандарттарына сәйкес белгіленген критерийлер бойынша бағаланды. Қазылар алқасы конкурс қорытындысы бойынша 14 өңірден келген қатысушылар арасынан I-орын, екі II-орын және екі III-орын иегерлерін анықтады. Атап айтқанда:

1-орын – Андрей Алексеев, Қарағанды облысы, Қарағанды тамақтану және сервис колледжінің өндірістік оқыту шебері;

2-орын – Әйгерім Диханова, Алматы қаласы, Алматы мемлекеттік бизнес колледжінің өндірістік оқыту шебері;

2-орын – Елдана Есен, Маңғыстау облысы, Маңғыстау туризм колледжінің өндірістік оқыту шебері;

3-орын – Гүлжазира Үйсімбаева, Астана қаласы, Технологиялық колледжінің өндірістік оқыту шебері;

3-орын – Ольга Жүсіпова, Абай облысы, Семей қаласының Технологиялық колледжінің өндірістік оқыту шебері.

Байқау Алматы қаласы Білім басқармасының бастамасымен ұйымдастырылды.

Досбол АТАЖАН.
Сурет: Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

БАЙҚАУ



ЖАҢАШЫЛ ЖАСТАР ЖАРЫСЫ

Алматыда колледж студенттері арасында «Ideathan by QYZfond» инновациялық байқауының гранд-финалы өтті.

Іс-шара колледж студенттерінің инновациялық қабілеті, кәсіпкерлік дағдылары мен кәсіби құзыреттілігін дамытуға бағытталған. Студенттердің басын біріктірген іс-шараны Алматы қалалық Білім басқармасы мен «Қазақстандық мәдени, әлеуметтік және білім беруді дамыту (QYZ fond)» қоғамдық қоры ұйымдастырды.

Іс-шараға Алматы қаласы Білім басқармасының басшысы Сәкен Аралбаев, мемлекеттік органдардың, жетекші компаниялардың өкілдері сарапшылар мен білім алушылар қатысты.

Байқау колледж студенттеріне алған білімдерін тәжірибеде қолдануға, бизнестің нақты міндеттеріне инновациялық шешімдер ұсынуға және өз жобаларын әлеуметтік жұмыс берушілерге таныстыруға мүмкіндік береді. Қатысушылар 10 салалық бағыт бойынша бақ сынады.

Конкурсқа түскен бағыттар – ақпараттық технологиялар (Microsoft), Smart City (Parqouzkz), маркетинг (DASMI), сауда (WOLT), киім өндірісі (DR), мейрамхана ісі (VANILLA), қонақ үй бизнесі (Swiss Hotel), креативті индустриялар (MARY KAY), интерьер дизайны (ROCA) бойынша болды.

Жиын қорытындысында 10 бағыт бойынша финалға шыққан жобалар анықталып, конкурс нәтижесі баяндалды. Жеңімпаздар марапатталып, сертификаттардың сыйлықтарына ие болды.

Нұрлан СҮЙІН.
Сурет: Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.



ТУРИЗМ

ALMATY HIKE – ҚҰТҚАРУШЫНЫҢ СЕРІГІ

Алматының таулары демалыс күндері туристерге толады. Бірі шыңға көтерілуді мақсат етсе, енді бірі табиғат аясында серуендеп қайтуды жоспарлайды. Алайда, таудағы сапардың соңы әрдайым ойдағыдай аяқтала бермейді. Кейде турист белгіленген уақытта оралмайды, кейде байланыс жоғалады. Мұндай жағдайда құтқарушылар үшін ең маңызды ақпараттың бірі – адамның қай бағытқа кеткені. Енді бұл мәліметті алдын ала білуге мүмкіндік бар.

Алматыда іске қосылған Almaty Hike онлайн-сервисі тауға шығатын туристерге сапары туралы алдын ала хабарлауға жағдай жасайды. Яғни адам қай маршрутпен жүретінін, жолға қай уақытта шығатынын және байланыс деректерін сайтқа енгізеді. Ал таудан оралған соң тіркеуді аяқтауы керек. Осылайша төтенше жағдай туындаса, құтқарушылар туристің жоспарланған бағыты туралы ақпаратқа сүйене алады. Сервиске тіркелу үшін бірнеше минут жеткілікті. Турист арнайы сайтқа кіріп, электронды нысанды толтырады. Сондай-ақ, таулы аймақтарға қатынайтын автобустар мен аялдамаларда орналастырылған QR-код арқылы да өтуге болады.

Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте Алматы қаласының мамандандырылған табиғат қорғау прокуроры Арман Нұғырбеков жобаның басты мақсатына тоқталды. Оның айтуынша, сервис тек тіркеу құралы емес, туристерге қауіпсіздік ережелері мен ауа райы жағдайлары туралы ақпарат беруге де бағытталған.

«Қазір біз бұл жобаны іс жүзінде іске асыруға кірісіп жатырмыз. Негізгі мақсатымыз – тауға шығатын туристердің санын біліп отыру, олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және қажетті сақтық шараларын сақтауын бақылау. Сонымен қатар, жоба туристердің жоғалып кету қаупін азайтып, жарақат алған жағдайда жедел көмек көрсетуге ықпал етеді», – деді Арман Нұғырбеков.

Бұл бастаманың қажеттігін биылғы көрсеткіштер де аңғартады. Жыл басынан бері Алматының таулы аймақтарында 430-дан астам іздестіру-құтқару жұмысы жүргізілген. Нәтижесінде 145 кәмелетке толмаған баланы қоса алғанда, шамамен, 700 адам құтқарылған. Ал 123 адам жарақат алған.

Алматы қаласы Төтенше жағдайлар департаментінің басшысы Дамир Ермағамбетовтің айтуынша, таудағы қауіпсіздік ең алдымен адамның өзіне байланысты.

«Таудағы қауіпсіздік әр туристің жауапкершілігінен басталады. Жолға шықпас бұрын маршрутты алдын ала жоспарлап, ауа райы жағдайын ескеріп, өзіңіздің физикалық мүмкіндіктеріңізді бағалау қажет. Сонымен қатар, маршрут аяқталған соң таудан оралғаныңыз туралы хабарлау маңызды», – деді ол.


Қысқы маусымда да құтқару қызметтері күшейтілген дайындықта болады. 2026-2027 жылдардағы қысқы кезеңде Алматыда жалпы саны 194 адамнан тұратын екі кәсіби құтқару бөлімшесі жұмыс істейді. Олардың иелігінде 60 техника мен екі тікұшақ бар. Бұған қоса, іздестіру-құтқару жұмыстарына Альпинизм федерациясы мен Ерікті құтқару қызметінің 100-ден астам еріктісі тартылады.

Аяжан СЕРІККЫЗЫ.

КҮРЕС

АЛМАТЫЛЫҚ БАЛУАН

Әлем чемпионатының күміс жүлдегері атанды



Алматылық балуан Нұрқожа Қайпанов 24 қазан мен 1 қараша аралығында Астанада өткен күрестен әлем чемпионатында күміс медаль жеңіп алды. Байрақты додаға әлемнің 135 елінен 900-ге жуық спортшы қатысты.

Кеше Алматы халықаралық әуежайында күрестен әлем чемпионатының күміс жүлдегері Нұрқожа Қайпановты жанкүйерлері мен жақындары салтанатты түрде қарсы алды. Спортшыны күтіп алуға туған-туыстары, достары, жанкүйерлері мен спорт саласының өкілдері жиналды. Жақындарының ыстық ықыласы мен жанкүйерлердің қолдауы спортшы үшін ерекше сәттердің біріне айналды.

Нұрқожа Қайпанов еркін күрестен 74 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде өнер көрсетті. Ол төрт белдесуде жеңіске жетіп, Қазақстан құрамасынан осы чемпионаттың финалына шыққан жалғыз спортшы атанды.

Алғашқы белдесуінде алматылық балуан Косово өкілі Эгзон Джониді 10:0 есебімен жеңсе, келесі кездесуде әзербайжандық Туран Байрамовтан 4:0 есебімен басым түсті. Ширек финалда Тәжікстан өкілі Виктор Рассадинді 11:0 есебімен мерзімінен бұрын жеңді. Ал жартылай финалда жапониялық Ёсиносукэ Аоягиді 3:1 есебімен ұтты. Финалдық белдесуде Нұрқожа ресейлік Иналбек Шериевке есе жіберіп, әлем чемпионатының күміс жүлдесін иеленді.

Бұл – Нұрқожа Қайпановтың ересектер арасындағы әлем чемпионаттарында жеңіп алған төртінші жүлдесі. Ол 2019 жылы күміс, 2024 жылы алтын, ал 2025 жылы қола медаль еншілеген. Сонымен қатар, алматылық спортшы Азияның үш дүркін чемпионы атанған.

– Чемпионат жоғары деңгейде өтті. Біз жарысқа жақсы дайындықпен бардық. Әлемнің мықты балуандарымен белдестік. Бұған дейін 70 келі салмақта күресіп жүрдім, ал бұл жолы 74 келіде өнер көрсеткендіктен, сәл қиындау болды. Дегенмен, жарыс жақсы өтті. Алдағы мақсатым – келесі әлем чемпионатына қатысып, алтын медальмен оралу, – дейді балуан.

Аяжан СЕРІККЫЗЫ.

ПАРАВЕЛОСПОРТ

ТОҒЫЗ МЕДАЛЬМЕН ТОЛЫҚҚАН ҚОРЖЫН



V Азия Пара ойындарының қорытындысында алматылық паравелоспортшылар қоржынына тоғыз медаль түсті. Төрт алтын, төрт күміс және бір қола. Жүлдегерлер қатарында Анастасия Калаус пен оның пилоты Полина Братчикова, Наиль Ермұханбет пен Руслан Алиев, Кирилл Ильюкевич пен Глеб Брусенский, сондай-ақ Жұлдыз Қайнарова мен Анжела Соловьева бар.

Анастасия Калаус пен Полина Братчикова жекелей уақытқа жарысуда және тасжолдағы топтық жарыста топ жарып, екі алтын медаль жеңіп алды. Сонымен қатар, тректегі жарыста күміс жүлдеге қол жеткізді. Наиль Ермұханбет пен оның пилоты Руслан Алиев те жекелей уақытқа жарысу мен тасжолдағы топтық жарыста қарсыластарынан озып, екі алтын медаль иеленді.

Жеңісті нәтижемен оралған спортшыларды Алматы халықаралық әуежайында жанкүйерлері мен жақындары салтанатты түрде қарсы алған болатын. Келу залында жиналған жұрт «Алға, Қазақстан!» деп ұрандатып, чемпиондар мен жүлдегерлерге қошемет көрсетті. Кездесу барысында дәстүрлі шашу шашылып, спортшыларға бауырсақ пен қымыз ұсынылды.

Қазақстан Паравелоспорт федерациясының президенті Кенжеғұл Социалұлы жарыс қорытындысын жоғары бағалап, спортшыларға қолдау көрсеткен барша жанкүйерге алғысын білдірді. Оның айтуынша, тасжолдағы паравелоспорт Қазақстанда шамамен, бір жарым жыл бұрын ғана қолға алынған. Соған қарамастан, команда алдына қойған мақсаттарының басым бөлігін орындаған.

Қазақстанның паралимпиадалық құрамасының бас жаттықтырушысы Николай Зайцев спортшылардың нәтижесі бірнеше жылдық дайындықтың жемісі екенін атап өтті.

«Біз жоспарлаған нәтижеге қол жеткіздік. Бұған үш жыл бойы күн сайын жүргізілген тынымсыз дайындықтың арқасында жеттік. Спортшылармен қатар, жаттықтырушылар мен пилоттарды іріктеу жұмысына да көп күш жұмсалды. Паравелоспортта спортшы мен пилоттың өзара үйлесімділігі аса маңызды. Біздің мақсатымыз – кәсіби шеберлік пен жеңіске деген жігерді бір арнаға тоғыстыру еді. Бұл жолы соның нәтижесін көрдік», – деді Николай Зайцев.

Паравелоспорттағы тандемдік жарыстарда пилот спортшыға бағыт-бағдар беріп, велосипедті бірге басқарады. Сондықтан мұнда екі адамның дайындығымен қатар, жарыс кезіндегі өзара түсіністік пен ортақ қарқын да маңызды.

Руслан Алиев үшін бұл жеңіс – ұзақ жылғы еңбектің жалғасы. Ол велосипед спортымен он жасынан бастап айналысады. Спортшының айтуынша, бұл жолғы Азия Пара ойындары оның спорттық жолындағы ерекше жарыстардың бірі болды.

«Велоспортқа он жасымда келдім. Содан бері 13 жыл бойы осы спортпен айналысып келемін. Азия ойындарында екі алтын медаль алғанымызға өте қуанштымыз. 2023 жылы да Азия чемпионы атанған едім. Дегенмен, бұл жарыстың орны бөлек. Алда тоқтап қалмай, жаттығуды жалғастыруымыз керек. Басты мақсатымыз – Олимпиада және Паралимпиада ойындарында жақсы нәтиже көрсету», – деді Руслан Алиев.

Аяжан ҚУАНЫШОВА.
Сурет: Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

ҮЛГІ



Жеті ондықты бағындырған дәрігер

Адам жасы ұлғайған сайын оның мүмкіндігі шектеледі деп ойлау қате түсінік. Керісінше, өмірге деген құштарлық пен жігер болса, кез келген жаста жаңа белестерді бағындыруға болады. Алматы қаласындағы №20 қалалық емхананың дәрігер-эпидемиологы Жанаберді Балдабайұлы – осының жарқын үлгісі.

Биыл 70 жасқа толған дәрігер салауатты өмір салтын ұстанып, спортпен тұрақты айналысады. Ол үшін дене белсенділігі – денсаулықты сақтаудың ғана емес, сергек жүріп, өмірге құлшыныстыарттырудың да жолы.

4 қазанда Алматыда қала тұрғындары мен спорт ардагерлері арасында жеңіл атлетикадан чемпионат өтті. Жарыс бағдарламасына 100, 400 және 1500 метрге жүгіру, сондай-ақ 4×100 метрлік эстафета кірді. Дәрігер де сынға түсіп, өз жас санатында жүлделі III орынға ие болды.

Бұл жетістік – табандылық пен тұрақты жаттығудың нәтижесі. Жанаберді Балдабайұлы жасына қарамастан, спортқа деген қызығушылығын жоғалтпай, белсенді өмір салтын ұстанып келеді. Оның айтуынша, денсаулықты күту үшін күн сайын өзіңе көңіл бөліп, қозғалысты әдетке айналдыру маңызды.

Дәрігердің күнделікті тіршілігінде спорттың алатын орны ерекше екен. Ал кәсіби қызметі де осы ұстанымымен сабақтас. Дәрігер-эпидемиолог ретінде ол аурудың алдын алу, денсаулықты сақтау және халық арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру бағытында еңбек етеді. Өзінің де спортпен тұрақты айналысуы – өзгеге үлгі болудың бір жолы.

«Денсаулық күн сайын өзіңе көңіл бөлуді талап етеді. Адам қай жаста болса да, қозғалыста болып, алдына мақсат қойып, өмірден қуат табуы керек», – дейді Жанаберді Абраев.

Жетпіс жас – белсенді өмірден қол үзетін кезең емес. Керісінше, денсаулықты күтіп, жаңа мақсаттарға ұмтылуға болатын уақыт. Қарияның жетістігі де адамның жасынан бұрын ниеті мен жігері маңызды екенін көрсетеді.

№20 қалалық емхананың ұжымы әріптесін жүлделі орынмен құттықтап, зор денсаулық, отбасына амандық және алдағы уақытта да жаңа спорттық жетістіктер тілейді.



ЦИФРЛЫ АЛМАТЫ

ЗАМАНАУИ ЗЕРТХАНА

Өңірлердегі дәрігерлер мегаполис медицинасымен танысты

Біздің қалаға еліміздің өзге өңірлерінен денсаулық сақтау басқармаларының, онкологиялық орталықтардың жетекші мамандары келді. Олар озық жетістігіміздерімен танысуға және тәжірибе алмасуға ынталы.

Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының өкілдері мегаполис меймандарын бірнеше медициналық мекемеге апарып, аралатып, соны жаңалықтарымызбен таныстырды.

Аймақтардан келген дәрігерлер И.Жекенова атындағы қалалық клиникалық инфекциялық аурулар ауруханасының Орталықтандырылған зертханасындағы автоматтандырылған трек-жүйесі мен ЖИ элементтері енгізілген заманауи кешеннің жұмысына қызығушылық танытты. Мұнда Алматының барлық емханасынан тұрғындар тапсырған анализдер келіп түседі. Құтыдағы сол биологиялық үлгілердің бәрін адам емес, автоматтандырылған жүйе атқарады. Барлығын ЖИ тексеріп, зерттеп, нәтижесін шығарып береді. Тіпті, күмән тудыратын анализді де нақты көрсетеді. Қателеспейді. ЖИ және интеграцияланған трек-жүйесі бар автоматтандырылған клиникалық-диагностикалық зертхана бір күнде 5 мыңнан астам анализді зерттеуден өткізіп тұрады.

«Биологиялық үлгі зертханаға түскеннен кейін жүйе штрихкодты автоматты түрде оқып, қажетті зерттеу түрлерін анықтайды және сынаманы тиісті жабдыққа бағыттайды. Егер науқасқа бірнеше талдау қажет болса, үлгі белгіленген бағыт бойынша барлық кезеңнен автоматты түрде өтеді. Зерттеу аяқталған соң нәтиже зертханалық ақпараттық жүйеге жіберіліп, қажет болған жағдайда үлгілер сақтауға жолданады. Бұл зерттеу нәтижесін жедел алуға және науқастарды уақытылы емдеу үшін шешімдерді шұғыл қабылдауға мүмкіндік береді», – дейді бізге сұхбат берген заманауи кешен маманы Айнұр Құрмантаева.

Иә, жаңа технология диагностикалық анализаторларды бірыңғай цифрлық желіге біріктіріп, зерттеу жүргізу уақытын едәуір қысқартуға, адами фактордың әсерін азайтуға және зертханалық диагностиканың сапасын арттыруға жол ашып отыр.

Бұдан кейін қала қонақтары бір ауысымда 500 адамды қабылдауға қауқарлы. Алматы медицинасының заманауи даму бағытын көрсететін жаңа нысандардың бірі – №37 қалалық консультативтік-диагностикалық емханасының жұмысымен танысты. Өңірлерден келген әріптестерін медициналық мекеме ішін осы емхананың директоры Айгүл Тәжиева аралатты.

Емхана сәулелі диагностикадан бастап, эндоскопия, хирургиялық және травматологиялық кабинеттермен қамтамасыз етілген. Клиникалық-диагностикалық зертханасы, 20 орынды күндізгі стационары және «Әйелдер консультациясы» бар.

«Біздің емхананың басты ерекшелігі – бірнеше диагностикалық және емдеу қызметінің бір медициналық мекемеде шоғырлануы. Яғни тұрғындарға алғашқы медициналық-санитариялық көмек көрсетуді және консультативтік-диагностикалық қызметтерді бір жерден ұсынамыз. Ал бұл өз кезегінде тұрғындардың қажетті тексерулерден кедергісіз өтуі, мамандардың кеңесін де алысқа ұзамай бір жерден алуы және емдеу шараларын жедел тағайындау үшін де тиімді», – дейді емхана директоры Айгүл Тәжиева.

Алматы дәрігерлерінің осындай жетістіктеріне куә болған өңірлерден келген әріптестер біздегі медициналық инфрақұрылымды жаңғырту, диагностикалық мүмкіндіктерді кеңейту және тұрғындарға көрсетілетін қызмет сапасын арттыру бағытындағы жүйелі жұмыстарға, заманауи медициналық технологияларды шебер меңгерген медицина мамандарының қызметіне оң баға берді.

Мұндай сапар, кездесулер озық тәжірибелерді аймақтарда қолдануға, өзара кәсіби байланысты нығайтуға және отандық денсаулық сақтау қызметінің сапасын бірге арттыруға ықпал етеді.

Сурет: Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

ДӘРІГЕР КЕҢЕСІ

ЕКПЕ – ДЕНСАУЛЫҚ КЕПІЛІ

Сәби дүниеге келген сәттен бастап оның дұрыс өсіп-жетілуіне, денсаулығының нығаюына ерекше көңіл бөлу қажет. Ал оны түрлі жұқпалы аурулардан қорғаудың бірден-бір кепілі – вакцинация.



№8 қалалық емхананың педиатр-дәрігері Гүлнар Акбарова екпе арқылы бала ағзасында белгілі бір инфекцияға қарсы иммундық төзушілік қалыптасады дейді. Яғни жұқпалы ауруларды жұқтыру қаупін төмендетеді және инфекцияға шалдыққан жағдайда аурудың ауыр өтуі мен қауіпті асқынуының алдын алуына көмектеседі.

– Бүгінде ата-аналар арасында екпе туралы түрлі алыпқашпа әңгімелер мен күмәнді пікірлер кездеседі. Менің айтарым, асығыс шешім қабылдамай, мәселені медициналық тұрғыдан дұрыс бағалаған жөн. Әлеуметтік желілерде таралған негізсіз ақпаратқа сүйенудің орнына, білікті дәрігердің кеңесіне жүгіну әлдеқайда маңызды. Себебі, баланың денсаулығына қатысты әрбір шешім нақты медициналық фактілерге негізделуі керек. Емханаға келген ата-ана алдында әр баланың денсаулығы ұқыппен қаралады, – дейді Гүлнар Акбарова.

Вакцинация алдында баланың жалпы жағдайы бағаланып, ата-ананың сұрақтарына жауап беріледі. Егер сәбидің денсаулығына байланысты ерекшеліктер болса, екпе жасау мәселесін дәрігер жеке қарауына алады. Сондықтан бұл орайда ата-аналарға алаңдауға негіз жоқ дейді маман. Кейде екпеден кейін инъекция жасалған жерде ауырсыну, қызару немесе дене қызуының аздап көтерілуі сияқты уақытша реакциялар болуы мүмкін. Мұндай жағдайда дәрігер алдын ала түсіндіріп, қажет болса қандай әрекет жасау керектігін айтып береді. Ал баланың жағдайы күрт нашарласа немесе ата-ананы алаңдататын белгілер байқалса, медициналық көмекке жүгіну қажет.

– Баланың денсаулығын қорғау тек дәрігердің міндеті ғана емес, сонымен қатар ата-ананың ортақ жауапкершілігіне жатады. Сәбиін бізге уақытылы тексеруге алып келуі, екпе күнтізбесін қадағалауы және дәрігермен ашық байланыста болуы екі тарапқа да тиімді. Екпе туралы шешім қабылдағанда қорқынышқа емес, сенімді ақпарат пен маманның кеңесіне сүйенген дұрыс, – дейді педиатр-дәрігер.

АҚПАРАТ АҒЫНЫ

Ерекше балалар үшін

№5 қалалық клиникалық ауруханада

Ерекше қажеттілігі бар балаларды емдеуге бағытталған мамандандырылған стоматология бөлімшесі ашылды.

Онда медициналық көрсетілімдер бойынша тіс емдеу жалпы анестезиямен жүргізіледі. Мұнда мамандар ауыз қуысына кешенді ем жасап, қажет болған жағдайда бірнеше стоматологиялық процедураны бір сеанста орындай алады. Бұл емдеу үдерісін жеңілдетіп, дәрігерге қайта келу қажеттілігін азайтуға мүмкіндік береді.

Бөлімше ашылғаннан бері 100-ден астам науқасқа жалпы анестезиямен стоматологиялық ем жасалды. Сондай-ақ, медициналық мекемеде күн сайын жоспарлы және шұғыл стоматологиялық көмек көрсетіледі.

Хирургиядағы Ру әдісі

№7 қалалық клиникалық ауруханада

70 жастағы науқасқа күрделі хирургиялық ота жасалды. Магниттік-резонанстық панкреатохолангиография (МРХПГ) нәтижесінде бауырішілік оң және сол өт өзегінде, сондай-ақ жалпы өт өзегінде көптеген конкремент анықталды.

Осыған байланысты қосымша тексеру жүргізіліп, хирургиялық емдеу тактикасы белгіленді. Хирургиялық топ Ру әдісі бойынша гепатикоеюностомия жасады. Бұл – өттің ішекке қалыпты ағуын қалпына келтіру мақсатында бауыр өзегін жіңішке ішекпен жалғайтын реконструктивтік хирургиялық тәсіл.

Мұндай күрделі оталарды орындау хирургиялық топтың жоғары біліктілігін, анатомиялық ерекшеліктерді дәл бағалауды және емдеу тактикасын әр науқасқа жеке таңдауды талап етеді.



«Зергерлік» ота

Орталық қалалық клиникалық ауруханада

Таран сүйегінің сирек кездесетін жарақаты – ротациялық ығысуы бар пациентке операция жасалды.

Мұндай жарақат күрделі болып саналады. Өйткені, таран сүйегі тобық буынының қызметінде және адамның жүруінде маңызды рөл атқарады. Хирургтердің негізгі міндеті – сүйекті дұрыс анатомиялық қалпына келтіріп, оның сенімді бекітілуін қамтамасыз ету. Отаны травматолог-ортопед Қанат Тәукелов жасады. Операция барысында сүйек анатомиялық тұрғыдан дұрыс орнына келтіріліп, спицалармен бекітілді.

Мұндай оталар мұқият диагностиканы, асқан дәлдікті және емдеудің жеке тәсілін талап етеді.

Бетті әзірлеген Нұржамал ӘЛІШ.

Алматы қаласы мәслихатының депутаттығына бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша кандидаттарды тіркеу қорытындылары туралы АҚПАРАТ

(2026 жылғы 29 қарашадағы сайлау)

2026 жылғы 1 қараша
Сағат 18.00-дегі жағдай бойынша

№ р/р	Аты-жөні, тегі	Туған жылы	Жұмыс орны, лауазымы, сондай-ақ саяси партияға, қоғамдық бірлестікке қатыстылығы және қандай ұлт өкілі екені (кандидаттың қалауы бойынша)	Тұрғылықты жері	Кім ұсынды
№ 1 бірмандаттық аумақтық сайлау округі					
1	Биков Ернар Есенгелдинович	1986	«NURKENT SAUDA» ЖШС, директор, «Әділет» партиясы» ҚБ-нің мүшесі, қазақ	Алматы қаласы	Өзін-өзі ұсыну арқылы
2	Кузербаев Бауыржан Серікпайұлы	1991	«Best Servise Team» ЖШС, директор, «Ақ жол» ҚДП мүшесі, қазақ	Алматы қаласы	«Ақ жол» ҚДП
3	Тұрсұн Әкім Хазретәліұлы	1984	ШЖҚ «№25 қалалық емхана» КМК, бас дәрігер, «Respublica» партиясы» ҚБ-нің мүшесі, қазақ	Алматы қаласы	«Respublica» партиясы» ҚБ
4	Молдахан Орынбек Темірбекұлы	1999	«Алатау ауданының жастар комюнити-орталығы», жетекші, «Әділет» партиясы» ҚБ-нің мүшесі, қазақ	Алматы қаласы	«Әділет» партиясы» ҚБ
№ 2 бірмандаттық аумақтық сайлау округі					
1	Дарменов Бакытқали Жанасович	1968	«Жанас» шаруа қожалығы, төраға, «Әділет» партиясы» ҚБ-нің мүшесі, қазақ	Алматы қаласы	Өзін-өзі ұсыну арқылы
2	Закен Мейрам Токтарулы	1988	«Alpha Service Group» ЖШС, директор, «Respublica» партиясы» ҚБ-нің мүшесі, қазақ	Алматы қаласы	«Respublica» партиясы» ҚБ
3	Алматұлы Дулат	1993	«Dac City LTD» ЖШС, директор, «Ақ жол» ҚДП мүшесі, қазақ	Алматы қаласы	«Ақ жол» ҚДП
4	Тау Нурымбек	1980	«SAN tyres» ЖШС, коммерциялық директор, «Әділет» партиясы» ҚБ-нің мүшесі, қазақ	Алматы қаласы	«Әділет» партиясы» ҚБ
№ 3 бірмандаттық аумақтық сайлау округі					
1	Баймусаев Марат Досанбетович	1976	«МКА Евразия» ЖШС, бас директор, «Ақ жол» ҚДП мүшесі, қазақ	Алматы қаласы	«Ақ жол» ҚДП
2	Куйкабаев Мейрамбек Дуйсентаевич	1973	«Куйкабаев Мейрамбек Дуйсентаевич» ЖК, жетекші, «Әділет» партиясы» ҚБ-нің мүшесі, қазақ	Алматы қаласы	«Әділет» партиясы» ҚБ
3	Тайтелиев Куат Мирохабович	1983	ШЖҚ «№25 қалалық емхана» КМК, жалпы тәжірибе дәрігері, «Respublica» партиясы» ҚБ-нің мүшесі, қазақ	Алматы қаласы	«Respublica» партиясы» ҚБ
№ 4 бірмандаттық аумақтық сайлау округі					
1	Бертисбаева Шолпан Смагуловна	1956	«FIRST» бухгалтерлердің кәсіби ұйымының кеңесі, төрайым, қазақ	Алматы қаласы	Өзін-өзі ұсыну арқылы
2	Бакарасова Елена Евгеньевна	1965	«Bacarassov Концерні» ЖШС, бас директор, «Әділет» партиясы» ҚБ-нің мүшесі, орыс	Алматы қаласы	«Әділет» партиясы» ҚБ
3	Сембиев Айболат Нигметжанович	2005	Алматы қаласы студенттер Альянсы, Республикалық студенттік омбудсмен, директор, «Әділет» партиясы» ҚБ-нің мүшесі, қазақ	Алматы қаласы	Өзін-өзі ұсыну арқылы
4	Майтесян Ардавазовна	1991	«Шәкәрім Құдайбердіұлы атындағы №75 жалпы білім беретін мектебі» КММ, ағылшын тілі мұғалімі, «Қазақстан Халық партиясы» ҚБ-нің мүшесі, армян	Алматы қаласы	«Қазақстан Халық партиясы» ҚБ
№ 5 бірмандаттық аумақтық сайлау округі					
1	Тлебалганов Диас Романович	2006	«Pactum Verny заң компаниясы» ЖШС, заңгер көмекшісі, «Әділет» партиясы» ҚБ-нің мүшесі, қазақ	Алматы қаласы	Өзін-өзі ұсыну арқылы
2	Беккайров Нурсултан Болатулы	1994	«Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті» КЕ АҚ, тұлға қалыптастыру департаментінің директоры, «Әділет» партиясы» ҚБ-нің мүшесі, қазақ	Алматы қаласы	«Әділет» партиясы» ҚБ
3	Торгаев Беккали Нургалиевич	1961	«АСНА Қазақстан» ЖШС, бас директордың кеңесшісі, «Respublica» партиясы» ҚБ-нің мүшесі, қазақ	Алматы қаласы	«Respublica» партиясы» ҚБ
4	Джартыбаева Айгуль Муратхановна	1976	«QAZAQSTAN RUGBY» Қазақстан спорт федерациясының Қауымдастығы» ҚН ЗТБ, бас хатшы, «Ақ жол» ҚДП мүшесі, қазақ	Алматы қаласы	«Ақ жол» ҚДП
5	Романовская Светлана Юрьевна	1967	Қазақстанның Тұтынушылардың ұлттық лигасы, президент, орыс	Алматы қаласы	Өзін-өзі ұсыну арқылы
№ 6 бірмандаттық аумақтық сайлау округі					
1	Тойбеков Арман Серикбаевич	1974	ШЖҚ «Жедел медициналық көмек қызметі» КМК, директор, қазақ	Алматы қаласы	Өзін-өзі ұсыну арқылы
2	Жумабаев Бакытбек Ашимович	1974	«Номад» ЖШС, директордың орынбасары, «Қазақстан Халық Партиясы» ҚБ-нің мүшесі, қазақ	Алматы қаласы	«Қазақстан Халық партиясы» ҚБ
3	Анарбаева Бағдат Бекболатқызы	1996	«Qamqor Charity» ҚҚ, төрайым, «Әділет» партиясы» ҚБ-нің мүшесі, қазақ	Алматы қаласы	«Әділет» партиясы» ҚБ
4	Ысабаев Акжол	1984	«Шавлар» ЖШС, директор, «Ақ жол» ҚДП мүшесі, қырғыз	Алматы қаласы	«Ақ жол» ҚДП
№ 7 бірмандаттық аумақтық сайлау округі					
1	Сыдықова Азиза Нұрбапақызы	1975	«Қ.Яссауи атындағы №123 мектеп-гимназиясы» КММ, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, «Әділет» партиясы» ҚБ-нің мүшесі, қазақ	Алматы қаласы	Өзін-өзі ұсыну арқылы
2	Карагулов Ерулан Серикович	1971	«Алматы технологиялық колледжі» МКҚК, директор, «Respublica» партиясы» ҚБ-нің мүшесі, қазақ	Алматы қаласы	«Respublica» партиясы» ҚБ
3	Хасенов Канат Оралович	1979	«Kumis khasyr» ҚБ, директор, «Әділет» партиясы» ҚБ-нің мүшесі, қазақ	Алматы қаласы	«Әділет» партиясы» ҚБ
№ 8 бірмандаттық аумақтық сайлау округі					
1	Сагимбеков Самат Аманулы	1974	«Жасыл Алматы» КММ, парктерді күтіп-ұстау бөлімінің бастығы, партиясыз, қазақ	Алматы қаласы	Өзін-өзі ұсыну арқылы
2	Майгарина Гульбану Есеновна	1975	«Lanzhou Company» ЖШС, директор, «Әділет» партиясы» ҚБ-нің мүшесі, қазақ	Алматы қаласы	«Әділет» партиясы» ҚБ
3	Мұхтар Мейіржан Айболұлы	1993	«Алматы энергетика және электронды технологиялар колледжі» КМҚК, директордың оқыту өндірістік ісі жөніндегі орынбасары, «Әділет» партиясы» ҚБ-нің мүшесі, қазақ	Алматы қаласы	Өзін-өзі ұсыну арқылы
4	Азамат Асқар Азаматұлы	1996	Алматы қаласының Жастар саясатын дамыту мемлекеттік қоры, директор, «Ақ жол» ҚДП мүшесі, қазақ	Алматы қаласы	«Ақ жол» ҚДП
№ 9 бірмандаттық аумақтық сайлау округі					
1	Арынбаева Айбану Кыргызбаевна	1971	«І. Жансүгіров атындағы №130 гимназиясы» КММ, директордың оқыту өндірістік ісі жөніндегі орынбасары, «Әділет» партиясы» ҚБ-нің мүшесі, қазақ	Алматы қаласы	Өзін-өзі ұсыну арқылы
2	Пазилов Сабит Бексеитович	1975	ШЖҚ «№10 қалалық емхана» КМК, директор, «Әділет» партиясы» ҚБ-нің мүшесі, қазақ	Алматы қаласы	«Әділет» партиясы» ҚБ
3	Абишев Булат Эркебланович	1967	«Шыңға өрлеу» ҚБ, директор, «Қазақстан Халық партиясы» ҚБ-нің мүшесі, қазақ	Алматы қаласы	«Қазақстан Халық партиясы» ҚБ
4	Шатемірқызы Ақмарал	1964	«№173 мектеп-лицей» КММ, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, партиясыз, қазақ	Алматы қаласы	Өзін-өзі ұсыну арқылы
№ 10 бірмандаттық аумақтық сайлау округі					
1	Шоланов Талгат Корганбаевич	1975	«МЖК Хан Тенгри» МИБ, төраға, партиясыз, қазақ	Алматы қаласы	Өзін-өзі ұсыну арқылы
2	Шуаков Бекзат Сундетбаевич	1981	«Stamp Service» ЖШС, директор, «Әділет» партиясы» ҚБ-нің мүшесі, қазақ	Алматы қаласы	«Әділет» партиясы» ҚБ
3	Мұхамеди Токтар Кусайынович	1978	«Yntymaq Corporation» ЖШС, Басқарма төрағасы, «Қазақстан Халық партиясы» ҚБ-нің мүшесі, қазақ	Алматы қаласы	«Қазақстан Халық партиясы» ҚБ
4	Карпатұлы Марлан	1991	«Алинур ТН» ЖШС, директор орынбасары, «Respublica» партиясы» ҚБ-нің мүшесі, қазақ	Алматы қаласы	«Respublica» партиясы» ҚБ
№ 11 бірмандаттық аумақтық сайлау округі					
1	Султангалиев Тамерлан Мэлсович	1968	«Қазақстан Халық партиясы» ҚБ Алматы қалалық филиалы, төраға орынбасары, «Қазақстан Халық партиясы» ҚБ-нің мүшесі, қазақ	Алматы облысы	«Қазақстан Халық партиясы» ҚБ
2	Бекетаева Сауле Станиславовна	1965	Алматы қаласы «Белсенді ұзақ өмір сүру орталығы» КММ, директор, «Әділет» партиясы» ҚБ-нің мүшесі, қазақ	Алматы қаласы	«Әділет» партиясы» ҚБ
3	Бегалин Кайрат Талапович	1987	«Almaty Qoldau» ҚБ, төраға, «Respublica» партиясы» ҚБ-нің мүшесі, қазақ	Алматы қаласы	«Respublica» партиясы» ҚБ
4	Даутова Алтын Юсуповна	1974	«AQNIET» Қазақстандық денсаулық сақтау және қоғамдық қызмет көрсету қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағы» ҚБ Алматы қаласы және Алматы облысындағы филиалы, төраға, «Әділет» партиясы» ҚБ-нің мүшесі, қазақ	Алматы қаласы	Өзін-өзі ұсыну арқылы
№ 12 бірмандаттық аумақтық сайлау округі					
1	Таубаева Эльмира Биляловна	1980	«Сен үшін – Ради тебя» ҚҚ, президент; «Халықаралық Құқықтық Альянс» ЖШС, бас директор, «Әділет» партиясы» ҚБ-нің мүшесі, қазақ	Алматы қаласы	Өзін-өзі ұсыну арқылы
2	Зулеев Мухтар Махамбетович	1982	«Әділет» партиясының Алматы қалалық филиалы, төраға орынбасары, «Әділет» партиясы» ҚБ-нің мүшесі, қазақ,	Алматы қаласы	«Әділет» партиясы» ҚБ
3	Шәкіралі Алмас Нұрланұлы	1994	«Altyn kopir» ЖК, директор, «Respublica» партиясы» ҚБ-нің мүшесі, қазақ	Алматы қаласы	«Respublica» партиясы» ҚБ
4	Нурбаева Жибек Абатовна	2002	«Қ.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ» КЕ АҚ, академиялық мобильділік бөлімінің басшысы, «Ақ жол» ҚДП мүшесі, қазақ	Алматы қаласы	«Ақ жол» ҚДП
№ 13 бірмандаттық аумақтық сайлау округі					
1	Жунусов Бибек Каныбекович	1991	«Lex Alliance» ЖШС, директор; «Rayan GROUP» ЖК, директор, «QAZSPORT» ЖК, басшы, «ЭлектроДвиж» ЖШС, заңгер, партиясыз, қазақ	Алматы қаласы	Өзін-өзі ұсыну арқылы
2	Сагандыкова Татьяна Олеговна	1984	«ӘДІЛЕТ KZ» ЖК, меншік иесі; «Таможенный склад - Орал» ЖШС, бас директор, банкроттық басқарушы, «Әділет» партиясы» ҚБ-нің мүшесі, қазақ	Алматы қаласы	Өзін-өзі ұсыну арқылы
3	Нурдин Айнара Калбаевна	1988	«Репродуктивті медицина институты» ЖШС, Call-centre басшысы, партиясыз, қазақ	Алматы қаласы	Өзін-өзі ұсыну арқылы
4	Махмудов Сухраб Абдигапурович	1979	«Orbis Group» ЖК, директор, «Әділет» партиясы» ҚБ-нің мүшесі, қазақ	Алматы қаласы	«Әділет» партиясы» ҚБ
5	Ибраев Ахат Адилович	1987	«American films» ЖШС, директор; «Eight&one films» ЖШС, директор, режиссер, продюсер, қоғам қайраткері, «Respublica» партиясы» ҚБ-нің мүшесі, қазақ	Алматы қаласы	«Respublica» партиясы» ҚБ
№ 14 бірмандаттық аумақтық сайлау округі					
1	Тасболатов Адиль Айдарович	1993	«Royal Flowers» ЖШС, директор, «Әділет» партиясы» ҚБ-нің мүшесі, қазақ	Алматы қаласы	«Әділет» партиясы» ҚБ
2	Сералин Ержан Булатбекович	1975	Алматы қ. ШЖҚ «Балалар қалалық клиникалық жұқпалы аурулар ауруханасы» КМК, директор, «Әділет» партиясы» ҚБ-нің мүшесі, қазақ	Алматы қаласы	Өзін-өзі ұсыну арқылы
3	Примбетов Ербол Еркинович	1988	«Dextra Consult» ЖШС, заңгер, «Respublica» партиясы» ҚБ-нің мүшесі, қазақ	Алматы қаласы	«Respublica» партиясы» ҚБ
№ 15 бірмандаттық аумақтық сайлау округі					
1	Костоев Магомед Султанович	1982	«АзКаз – проект» ЖШС, бас директор, партиясыз, ингуш	Алматы қаласы	Өзін-өзі ұсыну арқылы
2	Чинтасов Серик Гайнединович	1963	«КАГАЗЫ ИНВЕСТМЕНТС» АҚ, бас директор, «Ақ жол» ҚДП мүшесі, қазақ	Алматы қаласы	«Ақ жол» ҚДП
3	Банщиков Вячеслав Юрьевич	1985	«GFG capital» ЖШС, бас директор, «Әділет» партиясы» ҚБ-нің мүшесі, орыс	Алматы қаласы	«Әділет» партиясы» ҚБ
4	Шарипов Олжас Абилкаирович	1981	«Креативті индустрияларды дамыту қоры», өңірлік үйлестіруші, «Әділет» партиясы» ҚБ-нің мүшесі, қазақ	Алматы қаласы	Өзін-өзі ұсыну арқылы
№ 16 бірмандаттық аумақтық сайлау округі					
1	Маханбет Бауыржан Сәбитұлы	1999	«Uaqyt» қоғамдық қоры, төраға; М.Тынышпаев атындағы ALT университеті, тәрбие департаментінің директоры, «Әділет» партиясы» ҚБ-нің мүшесі, қазақ	Алматы қаласы	Өзін-өзі ұсыну арқылы
2	Когай Максим Дмитриевич	1998	«Қазақстан корейлері қауымдастығы» РҚБ, жауапты хатшы, «Әділет» партиясы» ҚБ-нің мүшесі	Алматы қаласы	«Әділет» партиясы» ҚБ
3	Торосян Анна Артуровна	2003	«Еуразиялық бейбітшілік пен келісім» ЖМ, «Медеу ауданының комюнити орталығы», жоба үйлестірушісі, «Respublica» партиясы» ҚБ-нің мүшесі, армян	Алматы қаласы	«Respublica» партиясы» ҚБ
4	Соломко Валерий Александрович	1986	«СпецтехникоS» ЖК, директор, «Қазақстан Халық партиясы» ҚБ-нің мүшесі, поляк	Алматы қаласы	«Қазақстан Халық партиясы» ҚБ
5	Бейсембаев Куат Кабенулы	1977	«СК ПромИндустрия» ЖШС, директор, партиясыз, қазақ	Алматы қаласы	Өзін-өзі ұсыну арқылы
№ 17 бірмандаттық аумақтық сайлау округі					
1	Айтбаев Сұлтан Бахытұлы	1993	«№64 жалпы білім беретін мектеп» КММ, директор, «Әділет» партиясы» ҚБ-нің мүшесі, қазақ	Алматы қаласы	Өзін-өзі ұсыну арқылы
2	Толегенова Сауле Уралбаевна	1990	Алматы қаласы ШЖҚ «№5 қалалық клиникалық ауруханасы» КМК, директор, «Әділет» партиясы» ҚБ-нің мүшесі, қазақ	Алматы қаласы	«Әділет» партиясы» ҚБ
3	Ныгметуллин Ерсултан Кайроллаевич	1993	Жұмыссыз, «Respublica» партиясы» ҚБ-нің мүшесі, қазақ	Алматы қаласы	«Respublica» партиясы» ҚБ
№ 18 бірмандаттық аумақтық сайлау округі					
1	Махметов Арыстан Бейсембекович	1980	«Альянс энерго трейд» ЖШС, директор, «Қазақстан Халық партиясы» ҚБ-нің мүшесі, қазақ	Алматы қаласы	«Қазақстан Халық партиясы» ҚБ
2	Отаргалиев Нурлан Танжарықұлы	1983	ШЖҚ «№11 Қалалық емхана» КМК, директор, «Әділет» партиясы» ҚБ-нің мүшесі, қазақ	Алматы қаласы	«Әділет» партиясы» ҚБ
3	Тастанбеков Динмухамед Айдарұлы	1993	«Zeta Plast» ЖШС, бас директор, «Respublica» партиясы» ҚБ-нің мүшесі, қазақ	Алматы қаласы	«Respublica» партиясы» ҚБ
№ 19 бірмандаттық аумақтық сайлау округі					
1	Талгатов Зия Балалдинулы	1996	«Техно GRAD» ЖШС, бас директор, «Ақ жол» ҚДП мүшесі, ұйғыр	Алматы қаласы	«Ақ жол» ҚДП
2	Папп Александр Александрович	1966	«Келет» АҚ, вице-президент, «Әділет» партиясы» ҚБ-нің мүшесі, венгр	Алматы қаласы	«Әділет» партиясы ҚБ
3	Рахманов Темирбек Ануарбекович	1974	«Алматы автомеханикалық колледжі» КМҚК, директор, «Әділет» партиясы» ҚБ-нің мүшесі, қазақ	Алматы қаласы	Өзін-өзі ұсыну арқылы
№ 20 бірмандаттық аумақтық сайлау округі					
1	Тавли-оглы Айша Каевна	1972	«Кузнецов» ЖК, операциялық директор, партиясыз	Алматы қаласы	Өзін-өзі ұсыну арқылы
2	Шардинов Шухрад Ахметжанович	1975	«АЗМК» ЖШС, байқау кеңесінің төрағасы, «Әділет» партиясы» ҚБ-нің мүшесі	Алматы қаласы	«Әділет» партиясы» ҚБ

(Басы 9-бетте).

3	Касымова Айжан Тойбековна	1970	«№211 мектеп-гимназия» КММ, директор, «Әділет» партиясы» ҚБ-нің мүшесі, қазақ	Алматы қаласы	Өзін-өзі ұсыну арқылы
№ 21 бірмандаттық аумақтық сайлау округі					
1	Мулдагалиев Сабит Рамазанович	1966	Жұмыссыз, партиясыз, қазақ	Алматы қаласы	Өзін-өзі ұсыну арқылы
2	Бегалинов Алибек Серикбекович	1987	Халықаралық ақпараттық технологиялар университеті, қауымдастырылған профессор, «Қазақстан Халық партиясы» ҚБ-нің мүшесі,қазақ	Алматы қаласы	«Қазақстан Халық партиясы» ҚБ
3	Рамазанов Дулат Амиргалинович	1971	«RH Ramazan Group», компанияның негізін қалаушы, «Әділет» партиясы» ҚБ-нің мүшесі, қазақ	Алматы қаласы	«Әділет» партиясы» ҚБ
4	Асанова Назгул Унгарсыновна	1983	ШЖҚ «№28 қалалық емхана» КМК, директор, «Әділет» партиясы» ҚБ-нің мүшесі, қазақ	Алматы қаласы	Өзін - өзі ұсыну арқылы
5	Сергеева Елена Александровна	1975	Алматы қаласы «Алматы технологиялық колледжі» КМҚК, директордың кәсіптік оқыту жөніндегі орынбасары, «Respublica» партиясы» ҚБ-нің мүшесі,орыс	Алматы қаласы	«Respublica» партиясы» ҚБ
6	Лактюшин Дмитрий Николаевич	1992	«THE ULTIMATE VISIONARY GROUP» ЖШС, бас директор, «Әділет» партиясы» ҚБ-нің мүшесі, орыс	Алматы қаласы	Өзін-өзі ұсыну арқылы
7	Абилев Станислав Александрович	1985	«VENDER» ЖШС, кедендік тазарту жөніндегі маман, партиясыз, қазақ	Алматы қаласы	Өзін-өзі ұсыну арқылы

Партиялық тізімдерді тіркеу қорытындысы туралы Алматы қаласы бойынша АҚПАРАТ

(2026 жылғы 29 қарашадағы сайлау)

№ р/р	Тегі, аты, әкесінің аты	Туған жылы	Жұмыс орны, лауазымы	Тұрғылықты жері
«Қазақстанның «Ақ жол» Демократиялық Партиясы» қоғамдық бірлестігі (13 кандидат)				
1.	Азизкызы Дильназ	2002	«Ақ жол» ҚДП Алматы қалалық филиалы, баспасөз хатшысы	Алматы қаласы
2.	Бискультанов Аскар Куандыкович	1986	«Ақ жол» ҚДП Алматы қалалық филиалы, төраға	Алматы қаласы
3.	Жетписбаев Асет Айдосович	1981	«МҚҰ «TAS FINANCE GROUP» ЖШС, берешекті өндіру департаментінің директоры	Алматы қаласы
4.	Кабашев Аскат Рахимжанович	1983	«ЭНЕРГОИНФОРМ» АҚ, директорлар кеңесінің мүшесі	Алматы қаласы
5.	Керимбаев Досмукан Султанбекович	1976	«Мизам Дистрибьюшен» ЖШС, бас директор	Алматы қаласы
6.	Киялбаев Азамат Жеткенович	1985	«Уркер АШ» ЖШС, директор	Алматы қаласы
7.	Қасым Бағлан Нұржанұлы	1996	«Double K group» ЖК, директор	Алматы қаласы
8.	Мурзаева Алина Александровна	1992	«Alliance school» ЖШС, басшы	Алматы қаласы
9.	Насурллаев Ханзадилла Зейнуллаұлы	1993	«Ақ жол» ҚДП Алматы қалалық филиалы, төраға орынбасары	Алматы қаласы
10.	Омарханов Ербол Секенович	1980	«Қазақстан микроқаржы ұйымдары қауымдастығы» ЗТБ, кеңес төрағасы	Алматы қаласы
11.	Сатылғанов Айбек Ерболатұлы	1992	«Aquila Logistics» ЖШС, бас директор	Алматы қаласы
12.	Сорокина Оксана Владимировна	1982	«SevenR Logistics» ЖШС, бас директор	Алматы қаласы
13.	Тастекей Дулат Тұрсынұлы	1982	«МҚҰ «TAS FINANCE GROUP» ЖШС, бас директор	Алматы қаласы
«Ауыл» партиясы» Республикалық қоғамдық бірлестігі (4 кандидат)				
1.	Конырбаев Ахметбек Байрозович	1962	«Ауыл» партиясы» Республикалық қоғамдық бірлестігінің Алматы қаласы бойынша өңірлік филиалы, төраға	Алматы қаласы
2.	Кожагулов Токкожа Мукажанович	1962	«Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы», қауымдастырылған профессор, оқытушы	Алматы қаласы
3.	Иманалиева Бекзат Даулетбаевна	1984	«Rikkaus» ЖК, сатып алу және логистика бөлімінің директоры	Алматы қаласы
4.	Қуатбаев Айбек Нурланұлы	1992	«Bugin Holding Corp» ЖШС, Бас директор	Алматы қаласы
«Әділет» партиясы» қоғамдық бірлестігі (69 кандидат)				
1.	Айдапкелов Ерболат Сергалиевич	1987	«Алматы жылу желілері» ЖШС, қаржы директоры	Алматы қаласы
2.	Айткаримов Бауыржан Берікқанұлы	1993	«Қ.Қатықбаева атындағы №168 мектеп-гимназиясы» КММ, директор	Алматы қаласы
3.	Алпеис Искандер Бакытулы	2002	«Zan Partners Group» және «IB.Holding» компаниялар иесі	Алматы қаласы
4.	Асанова Жанна Бейсентаевна	1975	ҚР Парламенті Сенаты, Экс-депутат	Алматы қаласы
5.	Атамкулов Елдос Бакирович	1972	«Алтын Алма Дистрибьюшн» ЖШС, бас директордың орынбасары	Алматы қаласы
6.	Аширбаев Батырбек Мырзакелдиевич	1990	Алматы қаласындағы «Integra Construction KZ» ЖШС, бас директор	Алматы қаласы
7.	Базарбаев Тимур Талгатович	1987	«Almaty» телерадиокомпаниясы» АҚ (Almaty TV), бас директор	Алматы қаласы
8.	Байдурин Марат Серикович	1974	«Алматы» ӘКК» АҚ, Директорлар кеңесінің мүшесі, басқарма төрағасы	Алматы қаласы
9.	Бекенов Кайрат Аскербекович	1978	«Almaty Invest», басқарма төрағасы	Алматы қаласы
10.	Бекенова Гульжан Мирзалиевна	1973	«№204 жалпы білім беретін мектеп» КММ, директор	Алматы қаласы
11.	Бекмурзаева Кристина Юрьевна	1991	Алматы қаласының жобалық кеңсесі, жетекші	Алматы қаласы
12.	Беркимбаев Медет Жаксыбаевич	1980	Алматы қаласы Энергетика және сумен қамтамасыз ету басқармасының «Алматы Су» ШЖҚ МКК, бас директор	Алматы қаласы
13.	Горшков Александр Сергеевич	1975	«DISPLAY ENGINEERING CENTRAL ASIA» ЖШС, директор	Алматы қаласы
14.	Джельдибаев Акылбек Муханович	1969	«ОЛИМП ЮНИОН» ЖШС, директор	Алматы қаласы
15.	Джепка Богдан Игоревич	1979	Мүгедектерді оңалту жөніндегі Алматы қалалық мүгедектер қоғамы, мүгедектер қоғамының мүшесі	Алматы қаласы
16.	Джузеева Қарашаш Узбекбайқызы	1969	Vintage Kazakhstan, «АСТРА» бизнес-отелі, негізін қалаушы және иесі	Алматы қаласы
17.	Дуйсенов Қайрат Сансызбайұлы	1982	«DKS Development» ЖШС, құрылтайшы және бас директор	Алматы қаласы
18.	Елисеев Виктор Васильевич	1978	Орталық Азия жарнама ассоциациясы, Президенті, негізін қалаушы, медиаменеджер	Алматы қаласы
19.	Ендибаев Сырым Жанабекович	1986	ASG Group, бақылау кеңесінің төрағасы	Алматы қаласы
20.	Есматов Серик Аманжолулы	1998	Паралимпиадашы	Алматы қаласы
21.	Жаксыбаев Ербол Адиль-Омарович	1987	«Эдельвейс-А» ЖШС, бас директор	Алматы қаласы
22.	Жакупов Нуржан Бауржанович	1990	«Almaty Azamattyq Alliance», төраға; Алматы қаласының Қоғамдық кеңесі, кеңес мүшесі Қазақстан Халық Кеңесі, мүше	Алматы қаласы
23.	Жамангозов Камал Амиргалиевич	1980	«Алматы құрылыс және қолөнер колледжі» МКК, директор	Алматы қаласы
24.	Жилкибаев Досбол Маликомарович	1984	«DVERI CITY» ЖШС, дүкендер желісінің негізін қалаушысы	Алматы қаласы
25.	Жұмажанұлы Аманкелді	1990	«Дала Қырандары» қоғамдық бірлестігі, аймақтық көшбасшы	Алматы қаласы
26.	Иманбеков Кайрат Дауренбекович	1991	«SB Almaty» құрылыс компаниясы, бас директор	Алматы қаласы
27.	Кажденбек Азиз Оралбекович	1993	Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасы, басшы	Алматы қаласы
28.	Калдыбеков Азамат Бескемпирович	1984	Бостандық ауданы әкімдігі, әкім	Алматы қаласы
29.	Камаладин Абылайхан Ерсаиынұлы	1993	Qamalladin media, негізін қалаушы, медиа кәсіпкер	Алматы қаласы
30.	Канкуров Станислав Владимирович	1985	«Әділет» партиясының Алматы қалалық филиалы, төрағасы	Алматы қаласы
31.	Каракулова Айнур Ахановна	1976	«№51 мектеп-гимназиясы» КММ, директор	Алматы қаласы
32.	Кеңесов Әкежан Бақытұлы	1997	Алматы қаласының Қоғамдық кеңесі, кеңес мүшесі	Алматы қаласы
33.	Кобеева Алтынай Орманкалиевна	1972	«Ақпараттық-ресурстық орталық» ҚҚ, директор	Алматы қаласы
34.	Конакбаева Аяла Сериковна	1991	Quintessence клиникасы, бас директор және негізін қалаушы	Алматы қаласы
35.	Көпжасарұлы Ерқанат	1987	«Қазақстан» телерадиокорпорациясының Алматы филиалы, директор; Қазақстан Халық Кеңесі, мүше	Алматы қаласы
36.	Куатбаев Ермагамбет Муханович	1974	Алматы қалалық кардиологиялық орталығы, директор	Алматы қаласы
37.	Кунтубай Айдар Серикулы	1998	Партияның Алматы қалалық филиалы жанындағы «Жастар рухы» жастар қанаты, төраға	Алматы қаласы
38.	Курманбек Асель	1987	«GREEN WORKS» ЖШС, құрылтайшы	Алматы қаласы
39.	Курымбаев Болат Токтобаевич	1963	«Желтоқсан ақиқаты» республикалық қоғамдық бірлестігі, төраға	Алматы қаласы
40.	Кушеров Мухит Оралбаевич	1975	Қалалық қан орталығы, директор	Алматы қаласы
41.	Кызайбаев Дархан Еркинович	1990	Қазақстан бокс федерациясы, бірінші вице-президент; «Ордабасы» ФК, президент	Алматы қаласы
42.	Мадиев Алмас Ускенбаевич	1972	«Инновациялық технологиялар паркі» АЭА, бас директор	Алматы қаласы
43.	Малаева Диана Кабдулловна	1991	Алматы жастар комьюнити орталықтары желісінің дирекциясы, Жастар орталықтары қауымдастығының (МОК) әлеуметтік даму жөніндегі проректоры, жетекші	Алматы қаласы
44.	Маманов Чингисхан Маратович	1987	Алматы қаласының «Атамекен» Өңірлік кәсіпкерлер палатасы, директор	Алматы қаласы
45.	Манзоров Багдат Сайланбаевич	1962	«Алатау прогресс» ЖШС, директор	Алматы қаласы
46.	Мейрманов Тилектес Серикович	1988	«AQ INTERIORS» ЖШС, коммерциялық директор	Алматы қаласы
47.	Моргунов Иван Андреевич	1984	«АзияТехноИмпорт» ЖШС, директоры	Алматы қаласы
48.	Мукажанова Айнур Кубанычевна	1970	Алматы қаласы Білім басқармасының «Алматы мемлекеттік бизнес колледжі» МКК, директордың міндетін атқарушы	Алматы қаласы
49.	Мукашев Амирхан Ахатулы	1992	«Amal Synergy Group», бас директор; «M9 Projects and Investments», директордың орынбасары	Алматы қаласы
50.	Мухамеджанов Евгений Викторович	1978	ECO Network экологиялық ұйымы және цифрлық платформасы, негізін қалаушы	Алматы қаласы
51.	Несипбаев Бекнур Муратович	1985	«Астана-Моторс», бас директор	Алматы қаласы
52.	Нияз Құрманғазы Қалмұхамбетұлы	1998	«Алматы қаласын дамыту орталығы» АҚ, PR-менеджер	Алматы қаласы
53.	Оразалин Галымжан Серикович	1970	«Алматы ипподромы» ЖШС, директор	Алматы қаласы
54.	Оразалин Еркебұлан Нұрланұлы	1981	Медеу ауданы әкімдігі, әкім	Алматы қаласы
55.	Отыншиев Меиржан Батырбекович	1987	Алматы қалалық Мәслихаты, төраға	Алматы қаласы
56.	Саурыков Ержан Докторбекович	1976	Қ.И.Сәтпаев атындағы Геология ғылымдары институты» ЖШС, директордың орынбасары	Алматы қаласы
57.	Сахов Нургали Калмуратович	1978	Жеке практика (Алматы қаласының орындаушылық аймағы), жеке сот орындаушысы	Алматы қаласы
58.	Соколунина Ксения Валерьевна	1990	UNIRENT, Unitent, Home Hotel, Elki.kz, MEREKE.toy, блогер, компания иесі, компаниялар тобы мен жобалардың тең құрылтайшысы	Алматы қаласы
59.	Спирина Ольга Сергеевна	1991	Бұқаралық ақпарат құралдары (БАҚ)/ Теледидар, тележүргізуші	Алматы қаласы
60.	Сулейменова Карагёз Аскаровна	1967	«Алатау» дәстүрлі өнер театры, директордың орынбасары	Алматы қаласы
61.	Сыртанов Нургали Бахытжанович	1987	«Ұлттық геодезия және кеңістіктік ақпарат орталығы» ШЖҚ РМК «Алматыгеодезия» филиалы, директор	Алматы қаласы
62.	Талбидинов Есенгельди Закирханович	1978	«Жол Транссервис-2006» ЖШС, директор	Алматы қаласы
63.	Тілеп Болат Анапияұлы	1978	Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, ректор	Алматы қаласы
64.	Толеугали Мадияр Сунгатулы	1996	«UvU International Ltd» IT-компаниясы, директор	Алматы қаласы
65.	Уразбаев Нурболат Ерназарович	1990	«Алтау Групп» ЖШС, басшысы және құрылтайшы	Алматы қаласы
66.	Утегалиев Досымбек Коныспекович	1976	«ЗАҢ» медиа корпорациясы» ЖШС, директор, журналист	Алматы қаласы
67.	Хамраев Садир Артемович	1981	«Алматы қаласының көлік холдингі» ЖШС, құрылтайшы	Алматы қаласы
68.	Цхай Александра Сергеевна	1988	Қазақстан корейлері қауымдастығы, төраға орынбасары	Алматы қаласы
69.	Шалбаева Айгуль Дуйсеновна	1973	Мәслихаттағы комиссия, Экс-депутат	Алматы қаласы
«Қазақстан Халық партиясы» қоғамдық бірлестігі (12 кандидат)				
1.	Алибаев Бауыржан Ермекович	1978	«ALUA холдингтік компаниясы» ЖШС, бас директор	Алматы қаласы
2.	Ахметов Алмат Сагындыкұлы	1975	«Caspian Beverage Holding» АҚ, вице-президент	Алматы қаласы
3.	Берсагурова Ляззат Муратовна	1982	Өзін-өзі дамыту жөніндегі тренер; өзін-өзі жұмыспен қамтыған	Алматы қаласы
4.	Борисов Даниил Владимирович	1982	«BISON» компаниялар тобы, басшы	Алматы қаласы
5.	Данабекова Толғанай Жанатқызы	2004	«Маңғыстау әуендері» ҚҚ-SMM маманы, контент-мейкер	Талдықорған қаласы
6.	Инкарбеков Улан Аскербекович	1970	Алматы қалалық мүгедектер қоғамы, басқарма төрағасы	Алматы қаласы
7.	Қанатұлы Аман	1997	«Asar union» қоғамдық бірлестігі, «АСЫЛ ДАРИЯ» қоғамдық қоры, «AQ-ALEM» аналарды қорғау ұйымы, халықты әлеуметтік қорғау органдарының маманы	Алматы қаласы
8.	Касымов Куандык Жаксылыкович	1980	«Aspan Holdings» ЖШС – Оңтүстік өңір және Алматы қаласы бойынша, бас директордың орынбасары	Алматы қаласы
9.	Кожахметов Жанаби Чоканович	1996	«Қазақстан Халық партиясы» ҚБ Алматы қалалық филиалы, жастар қанатының жетекшісі	Алматы қаласы
10.	Кусаинов Бейбут Булатович	1985	«Қазақстан Халық партиясы» ҚБ Алматы қалалық филиалы, төраға	Алматы қаласы
11.	Маутканов Ринат Акилжанулы	1986	«Proper Solutions в IT сфере» ЖШС, атқарушы директор	Алматы қаласы
12.	Сабырбаев Максимилиан Станиславович	2002	«СААМ» ЖШС, директор	Алматы қаласы

(Жалғасы 11-бетте).

(Басы 9-10-беттерде).

«Қазақстанның «Байтақ» жасылдар партиясы» қоғамдық бірлестігі (6 кандидат)				
1.	Қараш Алма	1977	«Байтақ» Қазақстан жасылдар партиясы» ҚБ Алматы қалалық филиалы, төраға	Алматы қаласы
2.	Сагингалиев Азамат Кабижанович	1986	ИП «Lis Group», директор; ТОО "Lis APK», директор	Алматы қаласы
3.	Алмасаев Муханкали Турашович	1971	«Байтақ» Қазақстан жасылдар партиясы» ҚБ Алматы қалалық филиалы, төраға орынбасары	Алматы қаласы
4.	Байзаханов Аслан Адильханович	1988	«Московский институт клеточных технологий» ЖШС, бас дәрігер	Алматы қаласы
5.	Мусаев Улан Жолдошбекович	1979	Б.Момышұлы атындағы №131 мектеп, тарих пәнінің мұғалімі; «Біз сіздермен біргеміз» ҚБ, президент	Алматы қаласы
6.	Жумабекұлы Нурсултан	2000	«Soz Art Union» ЖК, директор	Алматы қаласы
«Respublica» партиясы» қоғамдық бірлестігі (15 кандидат)				
1.	Абдихаликова Шолпан Аскаровна	1987	«Respublica» партиясы» қоғамдық бірлестігінің Алматы қалалық филиалы, төраға	Алматы қаласы
2.	Абелкасов Мейрамбек Есентаевич	1990	«Esentay Sucsees» ЖШС, директор	Алматы қаласы
3.	Бидайчинов Руслан Токтарович	1989	«Ukids» ЖК, директор	Алматы қаласы
4.	Жайнарбай Жалынбек	1983	«SignTech kz» ЖШС, директор	Алматы қаласы
5.	Исмагулов Марлен Бекшойынович	1975	«BAU Group» ЖШС («Мир Паркета» тауар белгісі), директордың кеңесшісі	Алматы қаласы
6.	Игимбаев Руслан Калибекович	1983	«Галина» ЖК, «Restoconsuting» ЖК, құрылтайшы	Алматы қаласы
7.	Үрістем Керімжан	1983	«Urker Group» ЖШС, құрылтайшы	Алматы облысы
8.	Магзумова Ажар Казыбекқызы	1992	«NAIVE» ЖК, басшы	Алматы қаласы
9.	Мадиев Олжас Хасенович	1988	«Qaz Package» ЖШС, құрылтайшы	Алматы қаласы
10.	Мұрат Айгерім Нұрділдақызы	1998	«Damu Business Group» ЖШС, үйлестіруші	Алматы қаласы
11.	Серикова Салтанат Бахтияровна	1990	«Urbon Design» ЖШС, операциялық директор	Алматы қаласы
12.	Суюмбаева Асель Нурлановна	1985	«ОТК Строй» ЖШС, бас директор	Алматы қаласы
13.	Файзуллаев Кадырбек Бауыржанович	1997	«Fond Qaiyrym» қоғамдық қоры, директор	Алматы қаласы
14.	Шугаипова Зина Уразбаевна	1974	«Respect Retail GROUP» ЖШС, директор	Алматы қаласы
15.	Шуленбаев Олжас Жуматаевич	1985	«Лор-Практика» ЖШС, бас директор	Алматы қаласы

ШЕШІМ

Алматы қаласы Наурызбай ауданы әкімінің 2020 жылдың 7 қазандағы №3 «Алматы қаласы Наурызбай ауданы бойынша сайлау учаскелерін құру туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі №2464 «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңының 23-бабына сәйкес, Алматы қаласы Наурызбай ауданының әкімі **ШЕШТІ:**

1. Алматы қаласы Наурызбай ауданы әкімінің 2020 жылғы 7 қазандағы №3 «Алматы қаласы Наурызбай ауданы бойынша сайлау учаскелерін құру туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2020 жылғы 9 қазанда №1644 болып тіркелген) келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің қосымшасында:

1) №503 сайлау учаскесінің шекаралары мынадай редакцияда жазылсын:

«Шекаралары: «Шұғыла» шағынауданындағы Жуалы көшесінен Райымбек даңғылы бойымен шығыс бағытта «Қалқаман-2» шағынауданындағы Ашимов көшесіне дейін. «Қалқаман-2» шағынауданындағы Ашимов көшесінің шығыс жағымен оңтүстік бағытта «Қалқаман-2» шағынауданындағы Сағатов көшесіне дейін. «Қалқаман-2» шағынауданындағы Сағатов көшесінен батыс бағытта «Қалқаман-2» шағынауданындағы Айтбаев көшесіне дейін. «Қалқаман-2» шағынауданындағы Айтбаев көшесінің батыс жағымен оңтүстік бағытта «Шұғыла» шағынауданындағы Жақыбаев көшесіне дейін. «Шұғыла» шағынауданындағы Жақыбаев көшесінің солтүстік жағымен батыс бағытта «Шұғыла» шағынауданындағы Жуалы көшесіне дейін. Тарғап көшесінің батыс жағымен, «Шұғыла» шағынауданындағы Тарғап көшесінің батыс жағында орналасқан үйлерді қоса алғанда, Райымбек даңғылына дейін»;

2) №538 сайлау учаскесінің шекаралары мынадай редакцияда жазылсын:

«Шекаралары: Алматы қаласының шекарасынан Райымбек даңғылының оңтүстік жағымен шығыс бағытта Алатау даңғылына дейін. Алатау даңғылының батыс жағымен оңтүстік бағытта, «Шұғыла» шағынауданында Жүнісов көшесінде орналасқан мына үйлерді қоса алғанда: 2/25 үй, 9, 10, 11, 12 корпустары, сондай-ақ №14/4, 14/5, 14/6, 14/9, 14/10, 14/11, 14/12, 14/13, 14/14, 14/17, 14/18, 14/19, 12, 12/1, 12/7, 12/8, 12/9 үйлер. Одан әрі шығыс бағытта Алматы қаласының шекарасына дейін»;

3) №625 сайлау учаскесінің шекаралары мынадай редакцияда жазылсын:

«Шекаралары: Алатау даңғылының шығыс бөлігі, «Шұғыла» шағынауданында орналасқан мына үйлерді қоса алғанда:

- Жүнісов көшесі, 2/25 үй, 1, 2, 3, 4, 5, 7, 9, 10, 15, 16 корпустары;
- Жүнісов көшесі, 14 үй, 7, 8, 15, 16 корпустары;
- Жүнісов көшесі, 4 үй, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18 корпустары»;

4) №626 сайлау учаскесінің шекаралары мынадай редакцияда жазылсын:

«Шекаралары: «Елисейские поля» коттедж қалашығы оның шекаралары шегінде, сондай-ақ «Шұғыла» шағынауданында орналасқан мына үйлерді қоса алғанда:

- Жүнісов көшесі, 14 үй, 2, 10/13, 10/14, 10/15, 10/16, 10/18 корпустары;
- Жүнісов көшесі, 1, 2, 3, 12 үйлер»;

5) №681 сайлау учаскесінің шекаралары мынадай редакцияда жазылсын:

«Шекаралары: Райымбек даңғылынан Райымбек даңғылы бойындағы №590/17 үйдің батыс бөлігімен оңтүстік бағытта Райымбек даңғылы бойындағы №590/15 үйдің 1-корпусына дейін. Одан әрі оңтүстік бағытта Дала көшесіне дейін. Одан әрі батыс бағытта «Нұрлы Дала» тұрғын үй кешеніне дейін, «Шұғыла» шағынауданындағы Жүнісов көшесі, 2/13 үйдің 24, 25, 30, 30Б, 31, 31Б, 32, 32Б, 33 корпустарын қоса алғанда. Одан әрі оңтүстік бағытта Дала көшесіндегі №159 үйге дейін. Одан әрі шығыс бағытта Дала көшесіндегі №143 үйге дейін. Одан кейін оңтүстік бағытта Жақыбаев көшесіне дейін. Одан әрі солтүстік бағытта Сығай көшесіне дейін, шығыс жағында орналасқан үйлерді қоса алғанда»;

6) №682 сайлау учаскесінің шекаралары мынадай редакцияда жазылсын:

«Шекаралары: Алатау даңғылының шығыс жағы, «Шұғыла» шағынауданында орналасқан мына үйлерді қоса алғанда:

- Жүнісов көшесі, 2/13 үй, 12, 13, 14, 15, 17, 18, 19, 20, 21, 23, 26, 27, 28, 29 корпустары;
- Жүнісов көшесі, 2/22 үй, 1, 2, 3 корпустары;
- Жүнісов көшесі, 2/23 үй, 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12 корпустары».

2. «Алматы қаласы Наурызбай ауданы әкімінің Аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен осы шешім ресми жарияланғаннан кейін оны Алматы қаласы Наурызбай ауданы әкімі аппаратының интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Алматы қаласы Наурызбай ауданы әкімі аппаратының басшысына жүктелсін.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі Н.ТОҒЫЗБАЕВА.

«КЕЛІСІЛДІ»
Алматы қаласы аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы А.ҚАЛЫҚОВА.

ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБА

АНАҒА ПАНА БОЛҒАН ҮЙ

«Ана үйі» қоғамдық қоры – Қазақстанда ана мен баланы қолдауға бағытталған ірі әлеуметтік жобалардың бірі. Бүгінде қор еліміздің көптеген өңірінде ресурстық орталықтар мен «Ана үйлерін» ашып, қиын жағдайға тап болған әйелдер мен балаларға көмек көрсетіп келеді.

Жобаның нәтижесі де көңіл қуантады. Осы уақытқа дейін қордың қолдауының арқасында 10 мыңнан астам бала отбасында қалуға мүмкіндік алған. Олардың арасында асырап алушы ата-аналарын тапқан балалар да бар. Сонымен қатар, ЮНИСЕФ-тің Қазақстандағы консультативтік кеңесінің мәліметінше, қор өз жұмысын бастағалы бері интернаттық мекемелердегі балалардың саны екі есе азайған. Қор шамамен, 7 мың әйелге қолдау көрсетіп, уақытша интернаттық мекемелерге орналастырылған 1 мыңға жуық баланың туған отбасына оралуына көмектескен.

«Ана үйіне» барғанда мұнда тұрып жатқан аналар бізді жылы жүзбен қарсы алып, қонақжайлық танытты. Талай тағдырға пана болған шаңырақтан мейірім сезіледі. Мұндағы өмірмен таныса келе, тағы бір маңызды жайтқа назар аударды қ. «Ана үйі» аналарға уақытша баспана беріп қана қоймай, олардың өз аяқтарына тұрып, болашаққа сеніммен қарауына мүмкіндік жасайды. Аналар ешкімге қол жайып отырған жоқ. Керісінше, кәсіп үйреніп, өз ісін бастап, еңбегімен табыс табуға ұмтылып жүр.

Қордың қазіргі мәліметі бойынша, Қазақстанның 18 өңірінде 21 «Ана үйі» жұмыс істеп жатыр. Оның ішінде Алматыда – үш үй, Астанада – екі үй бар. Жалпы, «Ана үйінің» моделі мемлекеттік әлеуметтік қызметтен сәл өзгеше. Мәселен, мұнда жаңа туған сәбиімен қиын жағдайға түскен әйел уақытша тұрып, әлеуметтік, психологиялық және құқықтық көмек ала алады.

Алматыдағы «Ана үйі» БАҚ өкілдеріне арнап ресурстық орталықтың жұмысын жиі-жиі таныстырып отырады. Шара барысында ондағы атқарылып жатқан жұмыстармен жете танысуға мүмкіндік туады. Әрине, мұндай орталықтардың қадамын тек «қиын жағдайдағы анаға көмек» деп қарауға болмас. Өйткені, Қазақстанда отбасыға қолдау көрсететін көптеген мемлекеттік және қоғамдық құрылым жұмыс істейді. Олардың басты міндеті – мәселе туындағаннан кейін әрекет етуден бұрын, отбасының баладан айырылып қалуына жеткізбейтін жағдай жасау.

«Аталмыш мекемеге келген ананың орталықта болу мерзімі, әдетте, алты айға дейін, бірақ жағдайға қарай өзгеруі мүмкін», – дейді мұндағы қызметкерлер. Шынында, осы аралықта отбасында түсіністік орнап, туған ошағына оралып жатқандар да бар. Жалпы, «мұндай орталықтар бізге керек пе?» немесе «қалай пайда болды?» деген сыңайлы сауалдарды жиі естіп қаламыз. Өмір болған соң, қоғамда түрлі жағдайлар орын алып жатады. Міне, сондай кезде «Ана үйі» талай жанның көз жасын сүртті. Қиналған сәтте тіреу болды. Жанынан табылды.

«Ана үйінің» қалай пайда болғаны жөнінде аз-кем ақпаратқа көз салайықшы. Аталмыш қоғамдық қор 2013 жылы әлеуметтік жетімдіктің алдын алу мақсатында құрылып, кәсіпкер әрі меценат Айдын Рахымбаев бастамашылардың бірі болған. Жоба Астана қаласында жүзеге асырылып, алғашқы дағдарыс орталығы 2013 жылдың мамыр айында ашылды. Кейін бұл бастама Қазақстанның басқа қалаларына да кеңінен тарады.

Қордың негізгі мақсаты – өмірлік қиын жағдайға тап болған жүкті әйелдерге, жас аналарға және балаларымен бірге баспанасыз қалған әйелдерге қолдау көрсету. «Ана үйінде» аналарға уақытша тұратын орын беріліп қана қоймай, психологиялық, әлеуметтік және құқықтық көмек көрсетіледі. Сонымен қатар, оларға мамандық меңгеруге, жұмысқа орналасуға және өз бетінше өмір сүруге де бағыт-бағдар беріледі. Ең негізгісі, «Ана үйі» жобасы – ананың баласынан бас тартуына жол бермей, баланың өз отбасында тәрбиеленуіне мүмкіндік жасайды. Қордың ең басты қызметі әлеуметтік жетімдіктің алдын алып, балалар үйіндегі балалар санын азайтуға бағытталған.

Елімізде отбасын сақтап қалуға бағытталған «Отбасын қолдау орталықтары» да бар. Дәл қазір республикамызда игі бастаманы мақсат еткен 158 орталық жұмыс істейді. Мәселен, Алматы, Астана және Шымкентте бірыңғай қалалық Отбасын қолдау орталықтары құрылған. Ағымдағы жылдың басынан бері республика бойынша орталықтарға шамамен, 30 мың өтініш түскен көрінеді. Оның ішінде 24 мыңнан астам отбасы консультациялық көмек алса, шамамен 5 мың отбасы тұрақты әлеуметтік қолдау көрген.

Алматының өзінде отбасы мәселесімен жұмыс істейтін бірнеше түрлі құрылым бар. Мысалы, қалада «Бақытты отбасы» әлеуметтік орталықтарының 9 филиалы жұмыс істейді. Олар көпбалалы және аз қамтылған отбасыларға құқықтық, психологиялық және әлеуметтік кеңес беріп отырады. Мұнда көбінесе тұрғын үй мәселесі, атаулы әлеуметтік көмек, алимент, құжаттарды қалпына келтіру сияқты мәселелер жиі қаралады. Орталықтардың жұмысы кеңес берумен шектелмейді. Балаларға арналған үйірмелер, логопед қызметі, психологиялық тренингтер, ата-аналарға арналған сабақтар, кәсіптік және практикалық курстар да ұйымдастырылады. Өткен жылдың алғашқы тоғыз айында оның базасында 956 адам тіркелген. 2847 адамға консультациялық және ресурстық көмек көрсетілсе, 439 адам психологиялық, 242 адам заңгерлік кеңес алған. Алматыдағы 9 «Бақытты отбасы» орталығы мен республиканың 158 «Отбасын қолдау орталығының» құқықтық мәртебесі мен қызметтік міндеттері әртүрлі болғанымен, барлығы да отбасы қиындықтарын еңсеруге жағдай жасауға бағытталған.

Рая ЕСКЕНДІР.

ALMATY AQPARAT

Бас директордың міндетін уақытша атқарушы **Абдухалил ЖАЛИЛОВ** тел.: 248-64-04.

Қабылдау бөлмесі: тел.: 248-60-08.

E-mail: **almatyaqparat@gmail.com**

Бас редактор – **Есхат БОЖАН**

Жауапты хатшы – **Құралай ИМАНБЕККЫЗЫ**

Ақпараттық-талдау бөлімінің редакторы – **Рая ЕСКЕНДІР**

Саясат және экономика бөлімінің редакторы – **Нұржамал ӘЛІШ**

Цифрлық инфрақұрылым және кері байланыс бөлімінің редакторы – **Гүлжанат СЕМБАЕВА**

Коммерциялық директор – **Куаныш ДЮСКАЛИЕВ** тел.: 248-49-55. E-mail: **rekalmatyaqparat@gmail.com**

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail: **rekalmatyaqparat@gmail.com** тел.: 248-49-55.

8 707 948 73 78

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы – **Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ**

Кеңес мүшелері: **Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ, Сейітқазы МАТАЕВ, Валерий ЖАНДӘУЛЕТОВ**

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА...
«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:

8 777 078 53 48,
8 747 204 19 70 (WhatsApp)
телефоны арқылы сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін хабарласыңыз

ALMATY AQSHAMY

Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Almaty Aqparat» ЖШС.
E-mail:
almatyaqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет, сейсенбі және жұма күндері шығарылады.
Нөмірдің таралымы – 10 252 дана (сейсенбі)

Кезекші редактор – Нұржамал ӘЛІШ

Газет «Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген.
Тіркеу туралы
№ KZ51VPY00150334
куәлігі 26.05.2026 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді.
Суреттердің сапасына редакция жауапты.
Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді.
Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді.
Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В.
Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00
Офсеттік басылым,
көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс бортында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.





КІМАСАРҒА ШЫРША ОТЫРҒЫЗЫЛДЫ

Алматы тау кластерін дамыту жобасы аясында Кімасар шатқалында 1500 жатаған шыршасын отырғызу жөніндегі экологиялық акция өтті. Бұл іс-шараға Алматы қаласы әкімінің орынбасары Олжас Смағұлов, экологиялық ұйымдар, бизнес, спорт және мәдениет қауымдастығының өкілдері, сондай-ақ белсенді жастар мен тұрғындар қатысты. Олар Алматының табиғи мұрасын сақтау деген ортақ мақсат төңірегінде бірікті.

Олжас Смағұлов аталған акция Алматы тау кластерінің заманауи туристік инфрақұрылымын дамытумен қатар жүргізіліп жатқан таулы аумақтарды көгалдандыру және қалпына келтіру бойынша жүйелі жұмыстың жалғасы екенін атап өтті.

– Бүгін Алматы тау кластерін дамыту жобасы аясында үлкен акция өтіп жатыр. Бейжай қалмай келген барлық азаматтарға алғысымды білдіремін. Мұнда 500-ге жуық адам жиналды және 1,5 мың шыршаотырғызылды. Бұл – осындай үшінші жоба. Алдағы уақытта ай сайын акциялар өткізіп отырамыз, – деді Алматы әкімінің орынбасары.

Биыл қазан айының өзінде Алматының таулы аумағында шамамен, 4 мың қылқан жапырақты ағаш отырғызылды. Мәселен, 3 қазанда Көкжайлауда 2 мыңға жуық жатаған (шренк) шыршасы отырғызылса, 17 қазанда «Шымбұлақ» тау курортының аумағында 500-ден астам тянь-шань шыршасы егілді. Кімасар шатқалында тағы 1,5 мың ағаш отырғызу – осы бастаманың жалғасы.

Бостандық ауданы комьюнити-ортаклығының жетекшісі Ақарыс Төребеков қала жастары мұндай акцияларға әрдайым белсенді қатысатынын атап өтті.

– Біз, Алматы жастары, ағаш отырғызуға бағытталған акциядан сырт қалмай, белсенділікпен қатысуға келдік. Бұл уақытымызды көңілді әрі пайдалу өткізудің керемет мүмкіндігі. Әрдайым қаланы көркейтуге, қоршаған ортаны қорғауға арналған жұмыстарға қуана қатысамыз, – деді ол.

Іс-шараға Азия ойындарының таеквондодан ел тарихындағы тұңғыш чемпионы Темірлан Тілеулес те қатысты. Ол таулы аймақты көркейтіп, көгалдандыруға арналған акцияның бір бөлігі болғанына қуанышты екенін жеткізді.

– Алматы үшін бұл игі бастама. Ағаш отырғызу арқылы біз табиғатты көркейтіп, ауаның тазаруына үлес қосып жатырмыз. Адамдардың осылай жиналып, бір-біріне көмек беріп жүру де керемет көрініс, – деді Азиада чемпионы. Акцияға Жапонияда өткен Азия ойындарында халық ықыласына бөленген спортшы Ясмина Тоқсанбаева да өз үлесін қосты.

– Біздің жаттығуымыздың бір бөлігі әрдайым тауда өтеді. Жылына екі ай біз тауда жүгіреміз, жаттығамыз. Сондықтан оның көркейіп жатқанына қуаныштымыз. Алматы тауларын менің үйім деуге болады, – деді ол.

Айта кеткен жөн, көгалдандыру үшін Алматының табиғи символдарының бірі және Солтүстік Тянь-Шань экожүйелерін сақтауда маңызды рөл атқаратын жатаған шыршасы таңдалды. Өңірге тән ағаш түрлерін отырғызу табиғи әралуандықты қолдауға және таулы аумақтардың жасыл қорын қалпына келтіруге ықпал етіп келеді.

Досбол АТАЖАН.
Сурет: Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.



ЖЕЛТОҚСАНШЫЛАР СЕНБІЛІККЕ ҚАТЫСТЫ

Түрксіб ауданында «Таза Қазақстан» жалпыұлттық экологиялық акциясы аясында ауқымды сенбілік өтті. Игі шараға Желтоқсан оқиғасына қатысушылар, білім беру ұйымдарының өкілдері, медицина қызметкерлері мен жастар қатысып, аумақты тазалап, ағаш көшеттерін отырғызды.



Сенбілікке жиналған жұрттың күйі көтеріңкі болды. Қатысушылар әуен ырғағымен билеп, сенбілікке көтеріңкі көңіл күймен кірісуге дайындалды. Сенбілікке жиналған адам қарасы да көп болды. Әртүрлі сала өкілдері мен жастар ортақ іске белсене атсалысты.

Іс-шара барысында Түрксіб ауданының әкімі Дамир Әкежанов қатысушыларға алғыс айтып, экологиялық акцияның маңызын атап өтті.

– «Бүгінгі «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясындағы сенбілікке қатысушыларға алғысымды білдіремін. Бұл бастама қоршаған ортаны, елдімекендерді тазартуға бағытталған жалпыұлттық қозғалыс. Осындай игі іске әр азамат өз үлесін қосуы керек», – деді аудан әкімі.

Ал «Желтоқсан ақиқаты» бірлестігінің республикалық деңгейдегі құрылтайшысы Майрагүл Ыбырайымқызы жастар тәрбиесі мен патриоттық құндылықтарға тоқталды.

– «Жастарды салауатты, отаншыл азамат етіп тәрбиелеуіміз керек. Қазақстандағы әрбір адам осындай акцияларға қатысып, елін сүюді, құрметтеуді үйренгені жөн. Тәуелсіздік қаншама жастың қаны мен көз жасы, рухының арқасында келді. Біз осы тарихты келер ұрпаққа түсіндіруіміз қажет. Еліміздің ертеңі – жастар. Сондықтан олардың салауатты өмір салтын ұстанып, темекі сияқты зиянды әдеттерден аулақ болғаны маңызды», – деді ол.

Іс-шара барысында өзге де Желтоқсан оқиғасына қатысушылар сөз сөйлеп, тарихи оқиғаларды еске алды. Олар сол кезеңдегі бастан өткерген қиындықтары мен тәуелсіздік жолындағы күрес туралы естеліктерімен бөлісті. Сондай-ақ, жастарға ел тарихын ұмытпай, азаттықтың қадірін білу керегін айтты. Осылайша сенбілік тек экологиялық шара ғана емес, аға буын мен жас ұрпақтың жүздесіп, тағылымды әңгіме өрбіткен алаңына айналды.

Аяжан СЕРІККЫЗЫ.
Сурет: автор.

ВАЛЮТА БАҒАМДАРЫ | € EUR/KZT 508,33 теңге | $ USD/KZT 453,87 теңге | ₽ RUB/KZT 5,65 теңге | ¥ CNY/KZT 68,22 теңге